



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ 15 НАУРЫЗДА ӨТЕДІ



Мемлекет басшысы 2026 жылғы 15 наурызда Қазақстанның жаңа Конституциясын қабылдау үшін республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл ел тарихындағы үшінші Конституция болмақ.

11 ақпанда Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық комиссия төрағасы – Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Әзімованы, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринді және Конституциялық комиссия мүшесі – Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевты қабыл-

даған болатын. Онда комиссияның жаңа Конституция жобасы бойынша атқарған жұмысы туралы есебі тыңдалды. Ата Заңның жаңа жобасы Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының қазан-қаңтар айларындағы жұмысы мен қазан айынан бастап eGov және e-Отішіс порталдарынан жинақталған ұсыныстар негізінде дайындалып, ақпан айында жұртшылық талқысына ұсынылған болатын. Содан бері комиссияның он екі отырысы өтіп, бұл жобаға бірқатар өзгерістер мен түзетулер жасалып, енді Ата Заңның қорытынды нұсқасы жарияланып отыр.



5-БЕТ  
Заң мен зерденің  
тоғысқан тұсы



6-БЕТ  
Саяхатшылар  
туристік сақшылар  
қызметіне риза



8-БЕТ  
Екі ғасыр куәсі

## СҰХБАТ

**Ринат КӘРІМОВ,**  
ҚР Сот әкімшілігінің кассациялық соттар департаменті  
бастығының орынбасары:

## ӘКІМШІЛІК СОТТЫҢ МӘРТЕБЕСІ АЛҒАШ РЕТ АТА ЗАҢДА БЕКІТІЛМЕК

2025 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстанда Әкімшілік істер жөніндегі кассациялық сот өз жұмысын бастады. Бұл – сот жүйесіндегі құрылымдық өзгеріс қана емес, әкімшілік әділетті дамытудағы жаңа кезең. Жаңа соттың құрылуы азаматтардың құқықтарын қорғауға қандай мүмкіндіктер берді, кассациялық қараудың сапасы қалай өзгерді және бұл реформа Конституциялық өзгерістермен қалай ұштасады? Осы және өзге де сұрақтарға жауап іздедік.

– Ринат Табиғатұлы, әкімшілік істер жөніндегі кассациялық соттың құрылуы қандай қажеттіліктен туындады және ол өз жұмысын нақты қай күннен бастады? Бұл күннің әкімшілік әділет жүйесі үшін маңызы неде?

– Әкімшілік істер жөніндегі кассациялық сот 2025 жылғы 1 шілдеде өз қызметін бастады. Бұл – жай ғана күнтізбедегі дата емес, азаматтардың құқықтарын қорғаудағы жаңа кезеңнің басталуы. Әкімшілік даулар бойынша «жаппай кассация» институты жаңалық емес. Ол 2021 жылғы шілдеден бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе (ӘРПК) аясында табысты жұмыс істеп келеді. Алайда бұған дейін бұл функцияны Жоғарғы Сот атқарғандықтан, жоғарғы сот органына едәуір жүктеме түскен еді.

2025 жылы жеке кассациялық соттың құрылуы – реформаның заңды жалғасы. Енді бұл әкімшілік сот төрелігіне ғана маманданған дербес буын. Соның нәтижесінде істерді қарау сапасы артты. Нақтырақ айтар болсақ, судьялар алқасы азаматтар мен әкімшілік органдар арасындағы дауларға тереңірек назар аудара алады. Қарапайым азамат үшін бұл – істі әділ қайта қарауға қолжетімділік анағұрлым тиімді бола түсті деген сөз. ӘРПК-нің барлық артықшылықтары, соның ішінде соттың белсенді рөлі мен әкімшілік органның кінәлілігі презумпциясы сақталып,

кассацияның институционалдық дербестігі арқылы жаңа деңгейге көтерілді. Бұл – еліміздегі сот төрелігін жедел әрі ашық етуге бағытталған маңызды қадам.

– Әкімшілік істер жөніндегі кассациялық соттың құзыретіне қандай санаттағы істер кіреді? Ол төменгі сатыдағы соттардың шешімдерін қандай өлшемдер бойынша қайта қарайды?

– Әкімшілік істер жөніндегі кассациялық сот төменгі сатыдағы соттардың сот актілерін олардың заңдылығы тұрғысынан қайта қарайды. Негізгі міндеті – берілген шағым шеңберінде іс материалдарын зерделеп, заң нормаларының дұрыс қолданылғанын және азаматтардың құқықтарының бұзылмағанын тексеру. Қаралатын істер ауқымы кең, өйткені сот азаматтар мен бизнес субъектілерінің әкімшілік органдармен туындайтын кез келген дауларын қарайды. Бұл жер және тұрғын үй мәселелері, салық даулары, экология, сәулет немесе мемлекеттік сатып алу салаларындағы істер болуы мүмкін.

– Дербес кассациялық соттың құрылуы қарапайым азаматтар мен бизнес субъектілері үшін қандай нақты өзгерістер әкелді? Бұл реформаның бұрынғы жүйеден басты айырмашылығы неде?

(Жалғасы 5-бетте)

## ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

Антифрод-орталығының алаяқтық операцияларды анықтау және алдын алу бағытындағы жұмысының нәтижесі жоғары. 2026 жылы 1 қаңтардағы жағдай бойынша алаяқтық бөлгісі бар 80 871 транзакция, сондай-ақ есірткі саудасы мен заңсыз ойын бизнесіне және қаржы пирамидасына қатысты 19 810-ға жуық оқиға тіркелген. Соның нәтижесінде 2,8 млрд теңге дер кезінде бұғатталып, алаяқтар өрекетінен зардап шеккен азаматтарға 0,5 миллиардтан астам теңге қайтарылды.

## АНТИФРОД-ОРТАЛЫҒЫ: АЛАЯҚТАРҒА ТЕГЕУРІНДІ ТОСҚАУЫЛ



Ұлттық банктің хабарлауынша, Антифрод-орталықтың алаяқтық операцияларға қарсы іс-қимыл процесінің негізгі қатысушылары, оның ішінде қаржы нарығының, Бас прокуратура, Ішкі істер министрлігі мен ұялы байланыс операторларының өзара іс-қимылы жолға қойылды. Былтыр Ұлттық банк Антифрод-орталықтың функционалын кеңейту және жұмыс тиімділігін арттыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізді. Бірқатар заңнамалық түзетулер пакеті қабылданды. Ол: зардап шеккендерге бұғатталған ақшаны қайтару процедурасын жеңілдетуді; алаяқтыққа қатысы бар нөмірлерді анықтау үшін Антифрод-орталықты ұялы байланыстың абонент құрылғыларының сәйкестендіру коды дерекқорымен (IMEI-кодтар) және байланыс операторларының базаларымен интеграциялауды көздейді.

2025 жылғы тамызда Ұлттық банк пен Бас прокуратура Антифрод-орталықты «Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі» (Бірыңғай тізілім) ақпараттық жүйесімен интеграциялаудың бірінші кезеңін аяқтады. Бұл құқық бұзушылықтарды тіркеу және құжаттау

рәсімін жеңілдетті, Бас прокуратураның заңсыз операцияларды қадағалауын күшейтті, сондай-ақ оқиғаларға жауап беруді жеделдетті. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларының сәйкестендіру коды (IMEI-кодтар) дерекқорымен интеграциялау жұмыстары да жүргізіліп жатыр.

Банктер туралы жаңа заң мен ілеспе заң аясында қаржы нарығындағы алаяқтыққа қарсы күресті күшейтуге және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғауға бағытталған түзетулер қабылданды. Атап айтқанда, Антифрод-орталыққа қатысушылар аясы кеңейтілді – кредиттік бюролар енгізілді. Олар үшін жеке тұлға бір сағат ішінде екі немесе одан да көп қаржы ұйымына тұтынушылық банктік қарыз немесе микрокредит алуға өтініш берген жағдайлар туралы ақпаратты Антифрод-орталыққа жедел беру міндеті белгіленген. Бұдан басқа, егер жәбірленушіге төлем немесе аударым жасалған жағдайда ақшаны өтеу міндетімен қаржы және төлем ұйымдарының келесідей жауапкершілігі енгізілді.

Енді Антифрод-орталықты одан әрі дамыту аясында клиенттің күдікті операцияларын ерте анықтау үшін платформаның аналитикалық әлеуетін дамыту бағытында жұмыс жүріп жатыр. Пилоттық жоба аясында мінез-құллықты талдау және алаяқтық қауіпті болжау үшін жасанды интеллект құралдары пайдаланылмақ.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

БАСТАМА

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2026 жылды цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Сандық технология адамзаттың санасын ғана өзгертіп қоймай, күнделікті өмірінің бөлшегіне айналғанын атап өткен Президент цифрландыру үдерісінен сырт қалу әлемдік дамудан көшігу екенін еске салып, барлық саланың болашағы жасанды интеллект, сандық технология жаңашылдықтарымен өзектес екенін атап өтті.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ СОТ



лект көмегімен өзінің жеңетіні немесе жеңілетіні бойынша болжамдық пайызды көріп, алдағы қадамдарын жоспарлай алады.

Қазіргі уақытта Қазақстан соттарындағы барлық сот істері электронды түрде қаралады. Республиканың түкпір-түкпірінде таразы басына салынған сот процестерінің Жоғарғы Сот жанындағы Ахуалдық орталыққа жинақталуы бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыруға, судьялар жұмысын жеңілдетуге, сот қателіктерінің алдын алуға септігін тигізеді сөзсіз.

«Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» аясында қолға алынып жатқан жобалар аз емес. Цифрлық көмекшілер – сот пен халық арасындағы байланысты нығайтып, ашық диалогты қалыптастыру мақсатында жасанды интеллект арқылы дайындалған жаңа жобаның бірі. Цифрлық көмекшілер азаматтарға талап-арыз беру тәртібін, мемлекеттік бажды есептеу және қайтару ережелерін, сондай-ақ атқару парақтары мен сот шешімдерінің көшірмелерін алу тәртібін түсіндіреді. Бұл әсіресе сот жүйесіне жаңадан келген және арызды қалай жазып, қалай рәсімдеу керектігін білмейтін азаматтар үшін маңызды. Сондай-ақ сандық көмекшілер соттардың мекенжайлары, байланыс ақпараттары және жұмыс уақыты туралы ақпарат береді. Бұл формат ақпаратқа жылдам қолжеткізуге мүмкіндік беруімен құнды болып отыр.

Жасанды интеллект пен сандық технология сот жүйесіндегі киберқауіпсіздікті нығайту, талап-арыздарды беру және сот шешімдеріне қол жеткізу үшін қауіпсіз платформаларды енгізу, киберқауіптерді бақылау жүйелерін әзірлеу мақсатында да қолданылууда. Сонымен қатар, судьялар мен сот қызметкерлерінің ақпараттық қауіпсіздік саласындағы біліктілігін арттыру бойынша ауқымды іс-шаралар қолға алынып жатыр. Мұның бәрі сот ісін жүргізудің тиімділігін арттырып, процестерді жақсарту және шешімдердің сапасын көтереді деген сенімдемеміз.

Берік УТЕЕВ, Ақтау қаласының мамандандырылған тергеу сотының төрағасы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

АУМАҚТАН ТЫС СОТТЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ НЕДЕ?

Әкімшілік істердің көпшілігі құқық бұзушылық жасалған жер бойынша қаралатыны белгілі. Алайда заң шығарушы бұл қағиданың абсолютті еместігін ескере отырып, сот төрелігінің негізгі қағидаттарын қорғау мақсатында аумақтан тыс соттылық мүмкіндігін енгізді. Оның басты мәні – соттың формалды тәуелсіздігін ғана емес, нақты, шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Сот практикасы көрсеткендей, аумақтан тыс соттылықты қолданудың өз реті бар. Мәселен, істің қатысушыларының жергілікті мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен немесе ықпалды құрылымдармен тығыз байланысы болған кезде; құқық бұзушылық қоғамда үлкен резонанс тудырған жағдайда; істі қарау барысында судьяның немесе сот құрамының бейтараптығына күмән келтіретін объективті негіздер болған кезде; процесс қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі туындағанда істі аумақтық соттылық негізінде басқа соттарда қарауға мүмкіндік беріледі. Бұл соттың тәуелсіз шешім қабылдауына қолайлы жағдай жасайды.

Аумақтан тыс соттылық: жергілікті әкімшілік ресурстың ықпалын болдырмайды; судьяны сыртқы және бейресми қысымнан қорғауға мүмкіндік береді; тараптардың процессуалдық теңдігін нақты қамтамасыз етеді. Нәтижесінде, сот актісі заңды ғана емес, қоғам үшін әділ болып қабылданады. Бұл институттың тағы бір маңызды қыры – сот төрелігінің тиімділігін арттыруы. Істі басқа соттың қарауына беру арқылы дәлелдемелерді жан-жақты және бейтарап бағалау мүмкіндігі кеңейеді; процессуалдық қателіктердің алдын алу қамтамасыз етіледі; апелляциялық және кассациялық шағымдар саны азаяды.

Тәжірибе көрсеткендей, аумақтан тыс қаралған істер бойынша қабылданған сот актілері жоғары сатылы соттарда сирек бұзылады, бұл өз кезегінде сот жүйесінің тұрақтылығын арттырады. Сонымен қатар, аумақтан тыс соттылықты қолдану барысында бірқатар практикалық мәселелер де орын алууда. Аумақтан тыс соттылық институтының негізді, уақытылы және дәл қолданылуы азаматтардың құқықтарын қорғаудың, сондай-ақ сот билігінің беделін нығайтудың кепілі.

Қызылорда облысы кәсілетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты

ПІКІР

ЖАҢҒЫРУҒА ЖАҢА ҚАДАМ

ҚР Президенті Ұлттық құрылтайда конституциялық реформаларды қолға алудың қажеттілігін айтты. Бүгінде Конституцияға енгізілетін өзгерістер қызу талқылануда.

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия отырысы бірнеше рет өтіп, онда алда нақты қандай өзгерістер болатыны, оның тиімділігі жан-жақты талқыланды. Бас құжаттың сегізінші бөлімі – Сот төрелігі, Прокуратура. Құқық қорғау тетіктері аясында сот төрелігінің конституциялық қағидаттары айтарлықтай күшейтілген. Тіпті, сот ісін жүргізу нысандарының қатары да артып отыр. Бір жағынан судьялардың тәуелсіздігі нығайғанын анық байқауға болады. Мұнан бөлек сот жүйесінің кадр мәселелері де шешімін таппақ. Ал адвокатураның құқықтық мәртебесі алғаш рет Конституцияда нақты бекітіліп отыр.



Осы ретте «Мұндай өзгерістердің заң өкілдерінің мәртебесін көтеруден бөлек қоғамға қандай пайдасы бар?» деген заңды сауал туындайды. Шындығында, бұл адам құқығы мен бостандығын қорғау кепілдігін арттыруға, қоғамның сот жүйесіне деген сенімін күшейтуге бағытталған маңызды қадам екені сөзсіз.

МЕЖЕ

СЕНІМ АЛТЫННАН ДА ҚЫМБАТ

Елімізде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізгі элементі саналатын «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасын нығайтуға бағытталған реформалар белсенді түрде жүргізілуде.

Тұжырымдама аясында заңнаманы одан әрі жетілдіру ісі жалғасады. Құжат азаматтардың дәлелдемелерді автоматты түрде салыстыруды және тергеушілердің шешім қабылдауын қолдау бағдарламаларын жабдықтауды, сондай-ақ тергеушілерді ЖИ құралдарымен, тергеудің жаңа тактикаларымен (профайлинг, жауап алу әдістері, цифрлық криминалистика) жұмыс істеуге оқытуды көздейді.

Кешенді шаралар қабылдау нәтижесінде қоғамда заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтауда оң өзгеріс қалыпта-

сып, заңдарға үстірт қарамай, ортақ тәртіпке бағынуға қатысты жауапты әрі саналы көзқарас орнығады деп күтілуде. Әрбір азамат айналасындағылардың құқығын құрметтеп қана қоймай, құқықтық тәртіпті белсенді түрде сақтаған жағдайда жалпы тәртіп жақсарыды.

Бұдан бөлек, қабылданған шаралар нәтижесінде халықтың мемлекеттік және құқық қорғау органдарына деген сенімі нығаяды. Мұның бәрі құқық бұзушылықтар санының төмендеуіне, азаматтарға қызмет көрсету сапасының жақсаруына, экономикалық тартымдылық пен инвестициялық ортаның жақсаруына әкелуі тиіс.

Аида НҮРҒАЛИЕВА, Жетісу облысы Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы

КӨЗҚАРАС

ЖАСӨСПІРІМДЕР МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ БАСЫМДЫҚҚА ИЕ

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында алимент өндіру, табысын жасырған борышкерлердің сот актілерін орындау мәселелерін талқылау мақсатында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға судьялар мен Жеке сот орындаушылар өңірлік палатасының өкілдері қатысты.

Шара барысында алимент мөлшерін азайту үшін табысын әдейі жасырып немесе ең төменгі жалақыны көрсеткен борышкерлерден берешекті өндіруде орын алатын мәселелер талқыланды. Мұндай әрекеттер кәмелетке толмаған ба-

лалардың құқығы мен заңды мүддесін бұзатыны атап өтілді. Талқылау барысында сот шешімін орындау тәжірибесіне талдау жасалып, қосымша және бейресми табыс көздері туралы мәлімет алу тетіктері, мәжбүрлеп орындату шаралары және сот орындаушысының рөлі туралы пікірлер айтылды.

Дөңгелек үстелге қатысушылар кәмелетке толмағандардың мүдделерін қорғау басымдыққа ие екенін атап өтіп, алимент өндіру туралы сот актілерін орындау тәжірибесін жетілдіру қажеттігін айтты.

Ақмола облысы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты

БАЗЫНА

ҚАЗАҚ ТІЛІ – МӘҢГІЛІК

Адамның дамуында ана тілінің рөлі өте маңызды. Тіл баланы өз халқының тілі мен мәдениетінің сырымен таныстырады. Тіл – даналық пен есте сақтау қоймасы.



Мен Қазақстанның тұрғынымын. Мен қазақпын. Мен үшін тілім – ең қымбат, асыл қазынам. Ал ана тілі дегеніміз не? Тілсіз ұлт болмайды. Шет тілінде сөйлеуді үйренуге болады, бірақ өз тілі жалғыз болып қалуы керек. Халық тілі болмаса, салт-дәстүр жойылады, ұлтжандылық өшеді, елден

картадағы дақ қана қалады. Адамның өмірі өз халқынан әлдеқайда қысқа, бірақ тілі, уақыт пен кеңістіктен асып түседі. Демек, тілді ұлттың жаны, оның өлмес қасиеті деуге әбден болады.

Тіл сөйлеушіні қалыптастырады. Әрбір ұлттық тілі ұлттық мінезді бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар

Конституцияның жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару мәселелеріне арналған тоғызыншы бөлімі Құрылтайдың құрылуы және елімізде жүргізіліп жатқан әкімшілік реформаны ескере отырып, қайта қаралған. Мұнда бірқатар норма нақтыланып, мемлекеттік басқарудың жаңа жағдайларына бейімделген. Бұл бөлімнің жаңартылуы мемлекет пен қоғамның жергілікті деңгейдегі өзара іс-қимылын тиімді етуге негізделген талпынысты білдіреді.

Конституциядағы жаңа, яғни оныншы бөлімге келсек, негізгі заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібіне бағытталған. «Қорытынды және өтпелі ережелер» деп аталатын он бірінші бөлімнің мазмұны да айқын. Енді Конституцияға өзгерістер Президенттің шешімімен және референдум арқылы ғана енгізіледі. Референдум өткізу бастамасын көтеретін субъектілер қатарына Халық Кеңесін қосуды көздейтін норма да қарастырылып отыр.

Асылхан МИЗАНБАЕВ, Жалағаш аудандық соты төрағасының міндетін атқарушы ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

МЕЖЕ

СЕНІМ АЛТЫННАН ДА ҚЫМБАТ

Елімізде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізгі элементі саналатын «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасын нығайтуға бағытталған реформалар белсенді түрде жүргізілуде.

Тұжырымдама аясында заңнаманы одан әрі жетілдіру ісі жалғасады. Құжат азаматтардың дәлелдемелерді автоматты түрде салыстыруды және тергеушілердің шешім қабылдауын қолдау бағдарламаларын жабдықтауды, сондай-ақ тергеушілерді ЖИ құралдарымен, тергеудің жаңа тактикаларымен (профайлинг, жауап алу әдістері, цифрлық криминалистика) жұмыс істеуге оқытуды көздейді.

Кешенді шаралар қабылдау нәтижесінде қоғамда заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтауда оң өзгеріс қалыпта-

КӨЗҚАРАС

ЖАСӨСПІРІМДЕР МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ БАСЫМДЫҚҚА ИЕ

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында алимент өндіру, табысын жасырған борышкерлердің сот актілерін орындау мәселелерін талқылау мақсатында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға судьялар мен Жеке сот орындаушылар өңірлік палатасының өкілдері қатысты.

Шара барысында алимент мөлшерін азайту үшін табысын әдейі жасырып немесе ең төменгі жалақыны көрсеткен борышкерлерден берешекті өндіруде орын алатын мәселелер талқыланды. Мұндай әрекеттер кәмелетке толмаған ба-

лалардың құқығы мен заңды мүддесін бұзатыны атап өтілді. Талқылау барысында сот шешімін орындау тәжірибесіне талдау жасалып, қосымша және бейресми табыс көздері туралы мәлімет алу тетіктері, мәжбүрлеп орындату шаралары және сот орындаушысының рөлі туралы пікірлер айтылды.

Дөңгелек үстелге қатысушылар кәмелетке толмағандардың мүдделерін қорғау басымдыққа ие екенін атап өтіп, алимент өндіру туралы сот актілерін орындау тәжірибесін жетілдіру қажеттігін айтты.

Ақмола облысы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты

А.САХУОВ, Жәнібек аудандық сот әкімшісінің бас маманы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МӘСЕЛЕ

## ЭКСПОРТҚА ТЫЙЫМ САЛЫНА МА?

Қаңтар айының ортасында Мәжіліс депутаттары Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің атына депутаттық сауал жолдаған еді. Онда олар «қазір ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде сәбізді экспорттауға жаңа шектеу енгізу туралы ұсыныс фермерлер мен кәсіпкерлер арасында наразылық тудырып жатқанын айтқан болатын.



Бизнес өкілдері Үкімет бұл шара арқылы нақты қандай стратегиялық мақсатты көздейтінін түсіне алмай отыр. Тәжірибе көрсеткендей, экспортқа тыйым салу бағаның төмендеуіне әкелмейді, керісінше өсім жалғаса береді. Бұл жерде негізгі ауыртпалық өндірушілерге түседі. Ал делдалдар мен логистикалық тізбектің басқа қатысушылары бұл шек-

теуден зардап шекпейді. Себебі тауардың бағасы дүкен сөресіне жеткенше бірнеше есеге қымбаттайтыны белгілі. Сарапшылар бағаны тек экспортты шектеу арқылы тұрақтандыруды тиімсіз деп есептейді» деп дабыл қаққан.

Серік Мақашұлы жауабын көп күттірмеді. 2025 жылы елде 411,9 мың тонна сәбіз жиналған. Бұл ішкі нарықты толық

қамтамасыз етуге және өнімнің бір бөлігін экспортқа шығаруға жеткілікті.

«Ішкі нарықтың жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілуіне байланысты сәбіз экспортына шектеулер енгізу туралы шешім қабылданды. Қазіргі уақытта өндірушілер өнімді сыртқы нарықтарға кедергісіз өткізу мүмкіндігіне ие. Сонымен қатар, халық үшін өнімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Үкімет жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп баға белгілеуді реттеу бойынша кешенді шараларды іске асыруда», – дейді Премьер-Министрдің орынбасары. Оның айтуынша, бағаның өсуін тежеу және әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларының, соның ішінде сәбіздің баға белгілеу тізбегіндегі тиімсіз делдалдарды жою үшін делдалдық схемаларды тергеу жөніндегі өңірлік комиссиялар осындай қатысушыларды анықтау және жою бойынша жұмысты жалғастыруда.

Сауда саласындағы уәкілетті орган әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларына 15 пайыздан аспайтын шекті сауда үстемесінің сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізеді, сауда заңнамасының бұзылуына жол бермеу мақсатында электрондық шот-фактураларға талдау жасалады. Халық үшін азық-түлік тауарларының қолжетімділігін арттыру және сонымен бірге отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау мақсатында тұрақты негізде ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері өткізіліп тұрады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

Қазіргі таңда цифрлық технологиялар құқық саласына бұрын-соңды болмаған қарқынмен өніп отыр. Соның ішінде блокчейн технологиясы сот және тергеу тәжірибесінде жаңа мүмкіндіктермен қатар, жаңа сұрақтар да туындауда. Бұл үрдіс дәлелдемелік құқықтың дәстүрлі қағидаларын қайта қарауды талап етеді. Блокчейн – деректерді децентрализовандыру түрде сақтауға негізделген технология. Оның басты ерекшелігі – бір рет тіркелген ақпараттың кейін өзгертілмеуі және барлық операциялардың уақыт белгісімен бекітілуі. Осы қасиеттер блокчейнді дәлелдемелердің шынайылығын қамтамасыз ететін тиімді құрал ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

дербес құқықтық санат ретінде орнығып келеді.

Екіншіден, дәлелдемелерді бағалауда техникалық сараптаманың рөлі артып отыр. Сонымен қатар, құқық қорғау органдары мен соттардың цифрлық сауаттылығы маңызды факторға айналууда. Болашақта тергеуші мен судья тек заңды ғана емес, технологиялық процестерді де белгілі бір деңгейде түсіне білуі тиіс. Блокчейн технологиялары дәлелдемелік құқықтың

## БЛОКЧЕЙН – БІРЕГЕЙ ТЕХНОЛОГИЯ

Электрондық келісімшарттың жасалған уақыты, цифрлық транзакцияның козғалысы немесе белгілі бір файлдың бастапқы нұсқасы блокчейнде тіркелсе, оны қолдан өзгерту немесе жоққа шығару едәуір қиынға соғады. Бұл өз кезегінде сот үшін маңызды дәлелдемелік мәнге ие болуы мүмкін. Дәлелдемелік құқық ұзақ уақыт бойы қағаз құжаттарға, куәгерлердің айғақтарына және орталықтандырылған дерекқорларға сүйеніп келді. Алайда цифрлық ортада қалыптасатын дәлелдемелер бұл жүйеге жаңа талаптар қойып отыр. Блокчейнде сақталған деректердің ерекшелігі – олардың материалдық нысанның болмауы. Осыған байланысты соттар мен тергеу органдары алдында маңызды сұрақтар туындайды.

Блокчейн деректері дәлелдеме ретінде қалай бағаланады? Олардың қатыстылығы

мен жол берілетіндігі қандай өлшемдермен анықталады? Бұл мәселелер қазіргі заңнамада толық түрде шешілмеген.

Кейбір пікірлерде блокчейн технологиясы дәлелдемелердің шынайылығын толық қамтамасыз етеді деген көзқарас бар. Алайда бұл тұжырыммен толық келісуге болмайды. Өйткені блокчейн деректердің сақталуын қорғағанымен, оған енгізілетін бастапқы ақпараттың дұрыстығына автоматты түрде кепілдік бермейді. Яғни, «жалған ақпаратты блокчейнге енгізу» тәуекелі сақталады. Сондықтан блокчейн деректерін бағалау кезінде тек технологияға емес, оны қалыптастырған субъектілерге, енгізу тәртібіне және сараптамалық қорытындыларға да мән беру қажет. Блокчейн технологиялары дәлелдемелік құқықтың біртіндеп трансформациялануына ықпал етуде. Біріншіден, цифрлық дәлелдемелер

дамуына жаңа серпін беріп отыр. Олар дәлелдемелердің сақталуы мен шынайылығын арттыруға мүмкіндік бергенімен, құқықтық реттеуді жетілдіруді талап етеді.

Осы тұрғыда заңнаманы заман талабына сай бейімдеу, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесінде блокчейнді абайлап әрі жүйелі түрде енгізу маңызды.

Әсел ШАРИПОВА,  
Заң факультеті қылмыстық құқық,  
қылмыстық процесс және  
криминалистика кафедрасының  
доценті

Қарлығаш ӨТЕБАЛИЕВА,  
эл-Фараби атындағы Қазақ  
Ұлттық университеті  
Заң факультеті,  
1 курс PhD докторанты,

ІГІ ІС

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕНҒЕРГЕНДЕР САНЫ АРТТЫ

Тіл саясатын іске асырудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бойынша азаматтардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалау – «Қазтест» жүйесі арқылы анықталады. Тұжырымдамадағы нысаналы индикаторда «Қазтест» жүйесі бойынша мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметкерді ұсынатын ұйымдар қызметкерлерінің, сондай-ақ ұлттық компаниялар мен ұлттық холдингтер қызметкерлерінің үлесін 2025 жылы 39 пайызға жеткізу көзделген болатын. Жалпы, еуропалық тілдік құзыреттіліктер жүйесі А1 (қарапайым), А2 (базалық), В1 (орта), В2 (ортадан жоғары), С1 (жоғары) деңгейлерін қамтиды.

Жамбыл облысының Тілдерді оқыту орталығының директоры Қуаныш Дәурембековтың айтуынша, өңірде былтыр 1338 адам диагностикалық тестілеуінен өтіп, нысаналы индикатор 73,6 пайызға орындалған. Өңірде тіл оқыту курстарынан 4671 адам тегін өтті. Оның ішінде қазақ тілі курсына 4135 тыңдаушы (86% өзге этнос өкілдері),

ағылшын тілі курсына 536 адам тартылды. «Мемлекеттік тілді үйретуде онлайн жобалар да белсенді қолданылады. Қазақ тілін күнделікті өмірде қолданысқа енгізу мақсатында «YouTube» каналында «Қазақша тіл үйренейік!», «Еауы қазақша» бейнесабақтары жарияланады. Әлеуметтік желілерде «Сауаттылық Time»,

«Тыңдаушы пікірі», «Сабақтан бір сәт» айдарлары тұрақты жүргізіліп, этностардың тілге қызығушылығы артауда.

Қазақ тілін жеңіл әрі қызықты тәсілдермен үйрету арқылы тілдік орта қалыптастыру және қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайтуға бағытталған «Қазақша оңай» әлеуметтік жобасы Қордай, Меркі, Шу аудандарында ұйымдастырылды. Жобаның ерекшелігі – еркін форматта, ашық алаңда өтуінде.

Алдағы уақытта «Қазақша оңай» жобасын облыстың өзге де ауылдарында жалғастыру жоспарланып отыр. Жалпы, мемлекеттік тілді оқытудың 2026 жылға арналған Жол картасы 4273 адам болып бекітілді», – дейді Тілдерді оқыту орталығы басшысы Қуаныш Кәрібайұлы.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

## Күн энергиясы қолданысқа ене бастады

Еңбекшіқазақ ауданында жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың сәтті үлгісі жүзеге асырылып отыр. Қайназар ауылында Жаңабаевтар әулеті күн энергиясын пайдалану арқылы тұрғын үйін толықтай электр қуатымен және ыстық сумен қамтамасыз етіп, артық өндірілген электр энергиясын ортақ желіге өткізуде.

«Жасыл» технологияларды қолдану жарықтандыру және ыстық сумен қамту жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Елді мекенде электр қуаты уақытша өшірілген жағдайларда да Жаңабаевтар отбасының үйі автономды режимде қалыпты жұмысын жалғастырады.

Отбасылық күн электр станциясын құру жобасын кәсіпкер Темірхан Жаңабаев екі жыл бұрын бастап, өз үйінің шатырына күн панелдерін орнатқан. Алғашқы кезеңде 24 панель қойылып, бұл жалпы желіден тұтынылатын электр энергиясының көлемін 90 пайызға дейін қысқартуға мүмкіндік берген.

А.МӘУЛЕНБАЙ  
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

## 3 экопарк құрылады

Жетісу облысында туризмді дамыту мақсатында биыл 3 экопарк құру жоспарланып отыр. Солардың бірі – Талдықорған қаласы аумағындағы «Тасбақа» атауымен белгілі болған тарихи-мәдени орын. Еске салсақ, бұл тау мен ондағы петроглифтер жергілікті маңызы бар қорғалатын нысандар тізіміне енгізілген болатын, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Тасбақа» экопаркінің аумағы 38 гектар болса, Текелі қаласы маңында құрылатын «Черкасай» экопаркінің аумағы 21 гектар болмақ, сол сияқты Сарқан ауданы Сарқан қаласындағы «Қойтас» паркі экопарк мәртебесін иеленеді.

Ж.ҚҰРМАНБАЙ  
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

## Ақмола су тасқынының алдын алуда

Ақмола облысында су тасқыны кезеңіне дайындық мәселелері бойынша өткен кеңесте өңір басшысы Марат Ахметжанов Астана маңындағы аудандардың әкімдерінің баяндамаларын тыңдады.

Гидрологиялық болжамға сәйкес, облыстың бірқатар аудандарында топырақтың ылғалдану деңгейі, тоңның қату тереңдігі және қар қоры көлемі қалыпты көрсеткіштерден асып отыр. Есіл, Жабай, Сілеті өзендерінде және олардың салаларында су деңгейінің мөлшерлі шектен асу қаупі жоғары.

Жергілікті атқарушы органдар тарапынан ауқымды жұмыс жүргізілуде. Қар шығару жұмыстарына бөлінген қаржы өткен жылмен салыстырғанда 2,3 есеге, өзен арналарына жарылыс жұмыстарын жүргізуге арналған қаржыландыру 1,7 есеге арты. Халықпен өзара іс-қимылды жолға қойып, азаматтық бастамаларды қолдау қажет», – деді өңір басшысы.

А.ТОҚАНОВ  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

## Шаңғы марафоны өтті

Қарқаралы қаласының шаңғы базасында V ашық республикалық шаңғы марафоны өтті. Жарысқа қысқы спорт түрлерін сүйетін әуесқойлар, кәсіби спортшылар, қала тұрғындары және елдің әртүрлі өңірлерінен келген қонақтар қатысты: Астана, Көкшетау, Павлодар, Қарағанды қалаларынан және облыс аудандарынан шамамен 80 спортшы жарысқа түсті.



Жобаға бес жыл бойы бастамашы және ұйымдастырушы болып келе жатқан – марафоншы Думан Бейсенаевтың айтуынша, Қарқаралыда марафон өткізудің идеясы халықаралық тәжірибеден туған.

– Мен жиі шетелдік марафондарға қатысамын және онда қысқы спорттың қаншалықты дамығанын көремін. Мысалы, өткен жылы Швейцарияда өткен марафонға шамамен 15 мың спортшы қатысты. Біз де шаңғы спорты мен туризмді осындай көлемде дамытуға ниеттіміз, – деді Думан Бейсенаев.

Ұйымдастырушылар қауіпсіздік мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Марафон кезінде жедел медициналық көмек бригадалары мен полиция қызметкерлері кезекшілік етті, трассаны төрешілер мен жаттықтырушылар бақылады.

– Мұнда рельеф күрделі. Болашақта трассаны кеңейтіп, оны халықаралық стандарттарға сай етуді көздеп отырмыз, алайда бұл үшін ұлттық табиғи парктің ресми рұқсаты қажет. Егер мұндай жұмыстар жазғы кезеңде жүргізілсе, марафонды жоғары деңгейге көтеруге болады, – деп атап өтті Думан Бейсенаев.

Жеңімпаздар ақша жүлдесі мен бағалы сыйлықтармен марапатталды, ал барлық қатысушыларға жеке эскиз бойынша жасалған естелік медальдар табыс етілді.

Т.ИБАСHEBA  
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

СУДЬЯ МІНБЕРІ

# ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

Талантты ағылшын жазушысы Уильям Шекспир «Заңның мәні – адамзатты сүйеу» деген екен. Расында да кез келген мемлекеттегі заңдар азаматтардың игілігіне қызмет ету үшін жазылады, халықтың жайлы да қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз етуді мақсат тұтады. 2023 жылдың 3 наурызынан бастап күшіне енген «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заңы осындай ел мүддесін ескере отырып дайындалған құжаттың бірі. Міне, қолданысқа енгізілгеніне үш жылдың жүзі болған бұл заң көптеген жеке тұлғалардың қаржылық қиындықтан шығып, жағдайын жақсартуына, жұмысын жүйелеуіне ықпалын тигізуде.



Бұл заңның пайдасы мен тиімділігін, оны қолданудың тәртібін түсіндіріп, азаматтарға ұдайы жол көрсетіп отыру аса маңызды. Себебі қарапайым халықтың бәрі құқықтық тұрғыдан терең сауатты емес. Әрі құқық, сот саласында жұмыс істемеген соң жаңа заңдарды, оларға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қалт жібермей оқып, қадағалап отыратын азаматтар да аз. Сондықтан сот тарапынан халықтың заңдық сауатын көтеріп, білімін жетілдіруге ерекше көңіл бөлінеді. Соның ішінде қаржылық қиындықтармен бетпе-бет келіп, шарасыз күйде жүрген азаматтарға «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заңға кең көлемді ақпарат беру кезек күттірмейді.

Осы заңда дәйектелгендей, жеке тұлғалардың қарыз мәселесін шешу-

дің үш рәсімі бар. Олар соттан тыс банкроттық, соттық банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Заңдағы үш рәсімнің бір-бірінен айырмашылығы қандай? Үш рәсімді таңдауда нені ескеру керек? Бұл сұрақтарға заңның негізгі баптарын салыстыра отырып жауап берген жөн.

Мысалы, соттан тыс банкроттық рәсімін банкроттерге, микроқаржы ұйымдарына және өндіріп алу агенттіктеріне 1600 АЕК-тен аз қарызы бар азаматтар қолдана алады. Ал қаржы ұйымдарына беретін қарызы 1600 АЕК асқан азаматтар сот арқылы банкроттыққа өтініш бере алады.

Осының ішінде азаматтарға ең ыңғайлысы әрі салдары төмені – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі болып табылады. Бұл рәсімді қолданушылар қарыздар бойынша сот тағайындаған төлем жоспарын 5 жылға дейін

шегере алады. Тағы бір артықшылығы – ол жеке тұлғаның банкрот болуына әкелмейді. Сәйкесінше банкрот деп танылған тұлғаларға берілетін түрлі теріс салдар да қолданылмайды. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге өтініш бергендердің қаржысын үйлестіру жоспары қаржы менеджерімен бірлесіп әзірленеді және оны сот бекітеді. Бұл жағдайда жалпы қарызы активтерінің құнынан аспайтын борышкер төлем қабілетсіздігін қалпына келтіру рәсімі үшін тек сотқа жүгіне алады.

Мұндай процедураның тағы бір тиімді тұсы заңда көзделген рәсімдер қолданылған күннен бастап жеке тұлғаның қарыздар бойынша айыппұлдарды және пайыздарды есептеу тоқтатылады, кредиторлардың борышкерден өз міндеттемелерін орындауды талап етуіне, сондай-ақ борышкердің банк шоттарынан ақша өндіріп алуға тыйым салынады. Бұдан бөлек «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заңына 2024 жылдың 19 маусымында енгізілген түзетулерге сай, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану үшін мерзімі өткен қарыздар мен активтердің болуы талап етілмейді.

«Қарыз күліп келіп, жылап кетеді» деген мәтел бар халқымызда. Азаматтар өзінің төлем қабілетін, қаржы табу мүмкіндігін зерделеп, болжай отырып несие, қарыз алғаны жөн. Әрине, оқыс жағдайлардан ешкім де сақтандырылмаған. Өндірістік жарақат алу, отбасындағы қайғы мен жұмыстағы қиындықтар салдарынан төлем қабілетінен ажырайтындар аз емес. Десек те, қаржыны басқаруды, өз мүмкіндіктерін ескеріп, алдағы қадамдарын жоспарлауды сауатты меңгергендер тығырықтан көп шығынсыз шығары анық. Ал егер қарызды қайтаруды мүлде мүмкіндігі болмаған жағдайда жоғарыда көрсетілген үш рәсімнің тиімдісін, салдары азын жан-жақты таразылап барып шешім қабылдаған абзал.

**Абай САБИРАДДИНОВ,**  
Түпқараған аудандық сотының судьясы  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ПӘРМЕН

Қазақстанда алимент мәселесі ерекше өзекті. Жалпы, балалар алдындағы берешек 2025 жылы 93,6 миллиард теңгеден асты, ал атқарушылық іс жүргізу саны 82 800-ге жетті. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 46 миллиардқа көп болса, 2024 жылғы көрсеткіштен екі есеге жуық жоғары. Үкімет балалардың құқықтарын қорғау үшін жаңа санкциялар мен цифрлық құралдарды енгізіп, орындау жұмыстарын күшейтуде. «Неке және отбасы туралы» кодексіне сәйкес, алимент төлеу ата-аналардың міндеті болып табылады. Алайда міндетіне салғырт қарайтындар қай кезде де баршылық.

## АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ – АРДЫҢ ІСІ

Алиментке байланысты қойылатын сауал да көп, алиментті өндіруді сұраған азаматтар да аз емес. Себебі мемлекет тарапынан отбасылық құндылықтарды сақтауға қатысты көптеген тағылымды шаралардың қолға алынып жатқанына қарамастан, неке бұзу деректері кемімей келеді. Ал ажырасқан ерлі-зайыптылардың кесірінен балалар зардап шекпеуі керек. Ата-анасының екі жаққа кетуі баланың қалыпты өсуіне, тәрбиесіне, әлеуметтік, материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілуіне ешқандай теріс әсерін тигізбегені жөн.

Күнделікті тәжірибе көрсетіп отырғандай, ажырасқаннан кейін ұл-қызына көңіл бөлмейтін, тәрбиесіне назар аудармайтын, тіпті өзіне тиесілі алиментті дер кезінде төлеуге асықпайтын жауапсыз ата-аналар арамсызда баршылық. Сондықтан алимент тағайындау, алимент бойынша берешекті өндіруге қатысты көпшілік тарапынан қойылатын сауалдарға жауап беріп, халықтың құқықтық сауатын көтеру кезек күттірмейді.

Қазақстанда алимент алу нотариалды куәландырылған келісім арқылы ерікті түрде немесе сот арқылы мәжбүрлі түрде жүзеге асырылады. Бірақ біздің елімізде алиментке байланысты ортақ келісімге келіп, некеден кейін өзара сыйластықты сақтап қалуға тырысатын жұптар өте сирек кездеседі. Сәйкесінше алимент те көбіне-көп сот арқылы шешіледі. Егер жауапкер әкелік құқығын дауламаса, сот бұйрығына өтініш аудандық сотқа беріледі. Бұл толыққанды талап арызға қарағанда жылдамдық қаралады, әрі тараптардың сотқа шақырылып, қатысуы қажет емес. Мұндай талап арыздарды бергенде мемлекеттік баж алынбайды.

Алимент сотқа өтініш берілген соттан бастап тағайындалады, ал атқару парағы сот орындаушысына беріледі. Балаларға алимент төлеу туралы нотариалды куәландырылған



**А.ЕРЖИГИТОВА,**  
Алматы облысы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы

келісім де атқару парағының күшіне ие. Бұл құжатты да сотқа жүгінбей-ақ сот орындаушысына ұсынуға болады. Осыдан кейін сот орындаушысы іс қозғап, борышкерге сот шешімін хабарлайды және алименттің түсуін бақылайды. Егер баласына алимент төлеу міндеттелген тұлға сот актісін орындамай, берешегін дер кезінде бермесе, сот орындаушысы оның мүлкін тәркілеп, Қазақстан шекарасынан шығуына тыйым салуы мүмкін. Борышкер нақты табысын жасырып, аз алимент төлеуге тырысқан жағдайда сот орындаушылар олардың нақты табысын анықтап, балаларға тиесілі қаржының толық түсуіне назар аударады.

Алимент өндіріп алу балалардың мүдделерін қорғаудың жақсы қалыптасқан құқықтық механизмі болып табылады. Мұндай сот актісін орындамаған борышкерлерге айыппұл салынып, әкімшілік жаза қолданылуы, тіпті қылмыстық жауапкершілік белгіленуі мүмкін.

БІТІМГЕРШІЛІК

## «КЕҢ БОЛСАҢ, КЕМ БОЛМАЙСЫҢ»

Сот жұмысын жаңғырту, оның ішінде дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамыту ұдайы назарымызда. Елімізде қолданысқа еніп, тиімді тәсіл, ұтымды заңнама ретінде өз өміршеңдігін көрсеткен «Медиация туралы» заң уақыт өте келе өз аясын кеңейтуде.

Біздің қоғамда азаматтық даулар өзге санаттарға қарағанда едәуір көп екені белгілі. Судьялардың қарайтын істері көбейіп, жүктемелері артып отыр. «Арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмей» дауды екі жақтың пайдасына теңдей шешуді көздейтін медиация заңдылығы дәл осы азаматтық дауларда өте тиімді.

«Медиация туралы» заңның қолданыста болғанына 15 жыл. Осы уақыт ішінде елдегі дауқестікті төмендетіп, келіспеушіліктерді өзара келісіммен, бітіммен шешудің барлық мүмкіндіктері жасалды. Алғашқы кездегідей емес, заңдарға енгізілген он өзгерістердің нәтижесінде тараптарды татуластыруға тек медиаторлар ғана емес, сонымен бірге екі тараптың адвокаттарының, заңды өкілдерінің атсалысуына жол ашылды. Бүгінде партисипативтік келісімге келіп жатқандар саны да өскен. Одан бөлек, татуластыру рәсімдеріне судьялардың да араласуы медиациямен аяқталатын істердің санын айтарлықтай арттырды. Өйткені, біздің азаматтардың ойынша арыз-шағым тек сотқа қаралып, дауға тек судья ғана нүкте қоюы керек деген түсінік берік орныққан.

Қазір елімізде сотқа дейін де, соттың өзінде де татуласуы үшін жан-жақты жағдай жасалған. Сотқа дейінгі татуласу бойынша кәсіби медиаторлар

мен басқа да мамандар жұмыс істейді. Олардың міндеті келіссөз жүргізу, екі жаққа қолайлы, көңілге қонымды шешім іздеу және ұсыну. Татуласудың басты артықшылығы – тек дауды реттеп қана қоймай, сонымен бірге қарым-қатынасты сақтап, қалпына келтіреді. Тараптар өз еркімен, саналы түрде ортақ келісімге келеді. Медиаторды әрбір адам өзі таңдаған соң жемқорлыққа да жол берілмейді.

Азаматтық істер бойынша соттан тыс және сотқа дейінгі істерді жетілдіру мақсатында Азаматтық процестік кодекске АПК өзгертулер мен түзетулер енгізіліп, «сотқа дейінгі хаттама» жобасы өз жұмысын бастаған. Жаңа өзгеріске сәйкес, судья-бітімгер ең алдымен талап қою келіп түскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде құқық нормаларының жиынтығын тексереді. Соған сәйкес көрсетілген мерзімде талап қоюды қайтару не қабылдаудан бастарту туралы мәселені шешеді. Ал татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде талап қоюды қабылдау 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Жобаның негізгі мақсаты – тараптарды сотқа дейін татуласуға, дұрыс шешім қабылдау үшін қосымша уақыт беруге арналған. «Сотқа дейінгі хаттама» аясындағы жұмыс тәртібіне тоқталсақ. Сотқа арыз келіп түскен соң сот тараптарды заң нормаларына сәйкес татуластыру рәсіміне қатысу үшін

шақырады және сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін қоса жолдайды. Судья дауды бейбіт жолмен шешудің баламалы тәсілдерінің мүмкіндіктері мен тиімді тұстарын түсіндіреді. Егер тараптар дауды сотқа дейінгі хаттамасыз ортақ мәмілеге келіп аяқтаймыз деп шешсе, сот 10 күн ішінде істі қарауға тағайындайды. Ал дауды сотқа дейін хаттама толтырып, бітіммен аяқтайтын болса, сот 15 күннен кешіктірмей азаматтық істі қарауды тағайындайды. Бұрын талап қою арызы бес жұмыс күні ішінде қабылданатын. Сондай-ақ сотқа дейінгі хаттамада тараптар өз талаптарының немесе қарсылықтарының негізін, дәлелдерін сот талқылауына дайындау сатысында ұсынуы керек, АПК-нің 73-бабы 2-бөлігінде көрсетілгендей, сотқа дейінгі хаттаманы жасамаудың салдары бар. Мұны хаттаманы жолдаған кезде тараптарға түсіндіру қажет. Өйткені, тараптар сот отырысы барысында тек сотқа дейінгі хаттамада көрсетілген дәлелдемелерге сілтеме жасауға құқылы. Яғни, егер тараптар мұндай құқықты пайдаланбаса, онда сот отырысында олардың дәлелдемелерді ұсыну құқығы шектеледі. Осыдан кейін олар дайындық кезінде дәлел келтірмеу себебін дәлелдеуге мәжбүр болады. Бұл жаңа институт тараптардың өз мүмкіндіктерін саралап, нақты шешім қабылдауына көмектеседі.

Қазаққа «Кең болсаң, кем болмайсың» деген аталы сөз бар. Татуластырушы судья үшін тараптардың ортақ мәмілеге келіп, іс бейбіт, бітім жолымен аяқталғаны дұрыс. Бітім қай кезде де бейбітшілік пен тұрақтылық бастауы.

**Жақсыгүл САРБАСОВА,**  
Шиеді аудандық сотының судьясы  
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЗАУАЛ

## САҚ ЖҮРГЕН, САУ ЖҮРЕДІ

Ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты Интернет-алаяқтық саны артты. Интернет желісін пайдалану арқылы жасалатын алаяқтық азаматтардың мүлкіктік құқығына және жеке деректер қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді.



Қазақстан аумағында жиі кездесетін интернет-алаяқтық түрі белгілі. Олар: банк қызметкері ретінде өзін таныстырып, азаматтардың карта деректерін алу; жалған интернет-сайттар мен фишингтік сілтемелер арқылы жеке деректерді иемдену; интернет-платформаларда тауар немесе қызмет үшін алдын ала төлем алып, міндеттемені орындамау; әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде аккаунтты бұзып, үшінші тұлғалардан ақша сұрау; жалған инвестициялық жобалар мен қаржы пирамидалары.

Белгісіз тұлғалар жеке немесе банк деректерін талап етіп, асықтырса, психологиялық қысым көрсетсе сақтық танытқан жөн. Күмәнді сілтемелер мен ресми емес интернет-ресурстар; шынайы емес жоғары табыс жөніндегі уәделер; байланыс деректерінің болмауы немесе жалған болуы интернет-алаяқтықтың басты белгісі.

Интернет-алаяқтардан сақтану үшін банк картасының деректерін және SMS-кодтарды бөгде адамдарға бермеу; күмәнді сілтемелерге өтпеу; тек ресми және тексерілген интернет-ресурстарды пайдалану; екі факторлы аутентификацияны қолдану; белгісіз тұлғаларға ақша аудармау маңызды.

Алаяқтық құрбаны болған жағдайда дереу банкке хабарласып, төлем картасын бұғаттау қажет. Бұдан кейін ішкі істер органдарына арыз беріп, барлық дәлелдемелерді (хат-хабарлар, төлем түбіртектері, скриншоттар) сақтаған абзал. Қылмыстық кодекске сәйкес, интернет-алаяқтық үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазалары көзделген.

**Жанаргүл ҚОЛҒАНАТ,**  
Қарақия аудандық сотының әкімшісі  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

СУХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Дербес кассациялық соттың құрылуымен азаматтардың құқықтарын қорғау анағұрлым қолжетімді әрі жедел бола түсті. Ең маңызды өзгеріс мерзімге қатысты. Бұрын кассациялық шағым беру үшін бір ай ғана берілсе, енді азаматтарға құжаттарды дайындап, сотқа жүгіну үшін алты ай уақыт беріледі. Судьялар саны едәуір артып, екі есеге көбейді. Бұл істерді әлдеқайда жылдам әрі мұқият қарауға мүмкіндік береді, созбаландықты болдырмайды. Сонымен қатар 2021 жылдан бері ӘРПК аясында қолданылып келе жатқан «жаппай кассация» қағидағы сақталды: әрбір өтініш алдын ала сүзгіден өтпей-ақ судьялар алқасының қарауына беріледі. Нәтижесінде рәсім азаматтар үшін қарапайым әрі ыңғайлы бола түсті. Шағымды дайындауға көбірек уақыт беріліп, шешімдер қысқа мерзімде қабылданады.

– Жаппай кассация қағидатының сақталуы неліктен маңызды?

Ринат КӘРІМОВ,

ҚР Сот әкімшілігінің кассациялық соттар департаменті бастығының орынбасары:

## ӘКІМШІЛІК СОТТЫҢ МӘРТЕБЕСІ АЛҒАШ РЕТ АТА ЗАҢДА БЕКІТІЛМЕК

Бұл институт азаматтардың сотқа қолжетімділігі мен әділ шешім алу мүмкіндігіне қалай әсер етеді?

– Кассациялық соттың құрылуы – бүкіл жария құқық жүйесіне берілген маңызды дабыл. Оның шешімдері бірыңғай әрі нақты құқық қолдану тәжірибесін қалыптастырады. Енді төменгі сатыдағы соттар мен әкімшілік органдар үшін заңды қалай түсіндіру қажеттігі жөнінде нақты бағдар бар. Бұл әртүрлі түсіндірулер мен жергілікті деңгейдегі еркін шешім қабылдаудың алдына алады. 2025 жылғы 1 шілдеден бастап бұл сот заңдылықты нығайтудың негізгі тетігіне айналды. Әкімшілік органдар кассацияның олардың қателіктерін жедел әрі кәсіби түрде түзететінін көре отырып, бастапқы кезеңнен-ақ сапалы әрі негізделген шешім қабылдауға ұмтылады.

– Өңірлерде тұратын азаматтар үшін кассациялық сотқа жүгіну қиыншылығы қолжетімді? Істі қарау барысында цифрлық сервистердің ролі қандай және азаматтарға қандай мүмкіндіктер береді?

– Кассациялық соттың құрылуы азаматтарға ең бастысы – әкімшілік органмен дауда «соңғы нүкте қоюға» нақты мүмкіндік береді. Егер өңірде қабылданған шешім әділетсіз деп есептелсе, бұл жолдың соңы емес. Заңдылықты арнайы инстанция қайта тексереді. Астанаға барудың қажеті жоқ. Сот жұмысы толық цифрлық форматта ұйымдастырылған. Кассациялық шағымды «Сот кабинеті» немесе e-Otinish платформасы арқылы үйден шықпай-ақ беруге болады. Ол үшін ин-



тернет пен электрондық цифрлық қолтаңба жеткілікті. Қажет болған жағдайда шағымды пошта арқылы да жолдауға болады. Барлық байланыс деректері мен нұсқаулықтар соттың ресми сайтында орналастырылған. Осылайша құқықты қорғау мүмкіндігі азаматтың тұратын жеріне тәуелді емес.

– Кассациялық шағым беру кезінде азаматтар мен өкілдер жәй қандай қателіктер жібереді? Мұндай оқшылықтардың алдын алу үшін сот тарапынан қандай түсіндіру жұмыстары жүргізіледі?

– Иә, қателіктер кездеседі, бірақ олардың үлесі аз. 2025 жылдың екінші жартыжылдығында шағымдардың шамамен 4 пайызы ғана кері қайтарылған. Ең жиі кездесетін себеп – мемлекеттік бажды дұрыс төлемей. Көптеген азаматтар оны тұрғылықты жері бойынша төлейді, алайда баж сот орналасқан жер бойынша төленуі тиіс. Аталған сот Астана қаласының Нұра ауданында орналасқан, сондықтан төлем деректемелері сол ауданның Мемлекеттік кірістер басқармасына сәйкес болуы қажет. Сондай-ақ сенімхаттың болмауы немесе алты айлық мерзімді себепсіз өткізіп алу да құжаттардың қайтарылуына әкеледі. Осы техникалық кемшіліктердің алдын алу үшін арнайы чек-парақ әзірленіп, соттың ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланған.

– Жоспарланып отырған Конституциялық өзгерістер әкімшілік әділеттің мәртебесіне қалай әсер етеді? Бұл сот төрелігі жүйесінде қандай сапалық өзгерістерге жол ашуы мүмкін?

– Қаңтар айының соңында жарияланған Конституцияға өзгеріс-

тер жобасында «Әділетті Қазақстан» идеологиясы мен «Заң және тәртіп» қағидаты бекітілген. Ең маңыздысы – еліміз тарихында алғаш рет әкімшілік сот өндірісі Конституцияда азаматтық және кылмыстық сот төрелігімен қатар сот билігін кезеңдерімен сабақтас. Бүгінде осы жолда жинақталған кәсіби тәжірибе аталмыш төрт томдық өзегіне айналып отыр. Автор бұл еңбектерінде Жоғарғы Соттың кылмыстық істер бойынша нормативтік қаулыларын тек баяндап қана қоймай, олардың мазмұнын, қолданылу аясын, құқықтық табиғатын терең талдайды.

– Жалпы алғанда, Әкімшілік істер жөніндегі кассациялық соттың құрылуы «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы аясында сот жүйесінің дамуына қандай ұзақмерзімді әсер береді деп ойлайсыз?

– Жаңа Конституция жобасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын күшейтуге бағытталған бірқатар маңызды өзгерістер қарастырылған. Алғаш рет конституциялық деңгейде жеке деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау нормасы бекітіледі. Әсіресе, цифрландыру дәуірінде бұл аса өзекті. Енді жеке ақпаратты заңсыз пайдалануға негізгі заңмен тікелей тыйым салынады. Сонымен қатар сот қызметіне қатысты бірқатар маңызды құқықтар «Негізгі құқықтар мен бостандықтар» бөліміне енгізілді. Бұл оларды жай рәсімдік норма емес, адамның ажырамас құқықтары ретінде айқындайды.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

ЖАҢА КІТАП

## ЗАҢ МЕН ЗЕРДЕНІҢ ТОҒЫСҚАН ТҰСЫ

Құқық жүйесі – тек нормалар жиынтығы емес, ол – тәжірибе, пайым және жауапкершілік мектебі. Сол мектептен өткен, сот төрелігінің түрлі сатысында қызмет атқарған тұлғаның жинақтаған тәжірибесі кейде ондаған ғылыми зерттеуге татиды. Жақында жарық көрген «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша сот практикасы туралы нормативтік қаулыларына түсіндірме» атты төрт томдық еңбек – дәл сондай өмірлік және кәсіби тәжірибенің қорытпасы десек артық айтқандық болмас.

Бұл іргелі басылымның авторы – ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының бұрынғы төрағасы, әділеттің 3-сыныпты мемлекеттік кеңесшісі Әбдірашид Төлегенұлы Жүкенов. Әбдірашид Жүкенов – құқық қорғау және сот жүйесінің әр буынында қызмет атқарған тұлға. Судьялықтан бастап облыстық сот төрағасының орынбасары, Жоғарғы Сот судьясы, Жоғарғы Сот Пленумының хатшысы, қаржы полициясы төрағасының орынбасары, Бас Прокурордың орынбасары секілді жауапты лауазымдарда еңбек етті. Бұл қызметтердің әрқайсысы – құқық қолдану практикасының күрделі кезеңдерімен сабақтас. Бүгінде осы жолда жинақталған кәсіби тәжірибе аталмыш төрт томдық өзегіне айналып отыр. Автор бұл еңбектерінде Жоғарғы Соттың кылмыстық істер бойынша нормативтік қаулыларын тек баяндап қана қоймай, олардың мазмұнын, қолданылу аясын, құқықтық табиғатын терең талдайды.

Астанада «ҚР Жоғарғы Сотының кылмыстық істер бойынша сот практикасы туралы нормативтік қаулыларына түсіндірме» атты төрт томдық еңбектің тұсауы кесілді. Бұл рәсімді ардагер судьялар Сансызбек Раимбаев пен Бағдат Ахметов жасап, басылымның жарық көруін ресми түрде жариялады. Тұсаукесерге ҚР Пар-

ламенті Сенаты төрағасының орынбасары Жақып Асанов, белгілі заңгер-ғалымдар – профессорлар Марат Қоғамов, Исидор Борчашвили, Қанатбек Сафинов, Николай Турешки, Ақылтай Қасымов және тағы басқалар қатысты. Жиында сөз сөйлегендер аталған төрт томдықтың құқықтық жүйені жетілдірудегі маңызына тоқталып, сот практикасын ғылыми тұрғыдан саралаудың өзектілігін атап өтті. Сонымен қатар, «ҚР Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» қоғамдық бірлестігінің мүшелері мен құқық саласының ардагерлері жиынға арнайы келіп, автор еңбегіне жоғары баға берді.

Нормативтік қаулылар – құқық қолдану үдерісінде бағыт-бағдар беретін маңызды құжаттар. Алайда оларды дұрыс түсіну мен бізді қолдану – кәсіби шеберлікті талап етеді. Жүкенов еңбегінің құндылығы да осында. Автор қаулылардың мазмұнын нақты сот тәжірибесімен байланыстыра отырып түсіндіреді. Осылайша төрт томдық – тек теориялық еңбек емес, практикалық маңызы зор әдістемелік құралға айналды. Ол судьяларға, прокурорларға, адвокаттарға, тергеушілерге, сондай-ақ заң факультеттерінің оқытушылары мен студенттеріне пайдалы жолбасшы болары даусыз.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»



ПАЙЫМ

## МҰРАҒЕРІ ЖОҚ МҰРА МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ӨТЕДІ

Қоғамымызда мұрагерлікке қатысты мәселелер жиі туындап жатады. Негізгі меншік оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік берілген. Мұра азамат қайтыс болған немесе оны қайтыс болды деп жарияланған кезде ашылады. Ал өмірден өткен адам дүние-мүлкінің мұрагерге ауысуы мұрагерлік саналады. Егер қайтыс болған адам есеп қалдырмаса, онда мұра заң бойынша қабылданады. Мүліктің бір бөлігі өсиетпен қалдырылса, оны қорғап, басқару Азаматтық кодекстің талабымен орындаушыға міндеттеледі.

Мұраны қабылдау мерзімін өткізіп алған мұрагер оны сот арқылы қалпына келтіруге құқылы. Мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру және мұрагерді мұраны қабылдаған деп тану туралы арыздар заңмен белгіленген уақыттың өтуіне қарамастан қабылданады. Мұндай арыз мұрагерлік мүліктің немесе оның негізгі бөлігі орналасқан жердегі сотта басқа мұрагерлердің қатысуымен қаралады. Басқа мұрагер болмаса іске осы жердегі коммуналдық меншікті басқаратын өкілетті орган тартылады. Себебі, мұрагері жоқ мүлік иесіз ретінде танылып, коммуналдық меншікке өтеді.

Нотариус мұра алу құқығы туралы куәлікті сот шешімінің негізінде береді. Мұрагер мұрагерліктен бас тартуға құқылы. Бұл заңдылық ҚР Азаматтық кодекстің 1074-бабымен реттелген. Соған сай, мұрагер мұра ашылған алты ай ішінде өзінің мұрадан бас тартатынын туралы мұрагерлік ашылған жердегі нотариусқа арыз береді. Дәлелді себептер болған жағдайда бұл мерзім сотпен екі айға ұзартылуы мүмкін. Мұрадан бас тартудың күшін жоюға немесе қайтарып алуға болмайды.

Бұл мәселеде көмелеттік жасқа толмағандардың заңды өкілдерінен, сондай-ақ әрекетке қабілетсіз деп танылған

адамдардың қорғаншыларынан сенімхат талап етілмейді, бірақ, мұрадан бас тартуда қорғаншылық және қамқоршылық органдың рұқсаты қажет. Яғни, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексте көрсетілгендей, қорғаншылық және қамқоршылық органдары 14 пен 18 жас аралығындағылар, сондай-ақ, сот шешімі бойынша әрекет ету қабілеті шектеулі адамдар қорғаншыларының рұқсатымен ғана мұрагерліктен бас тарту алады. Нотариат туралы заңда мұрагерліктен бас тартудың екі түрі, абсолютті немесе басқа тұлғалардың пайдасына шешілуі мүмкін.

Мұрагерліктен ескертулер мен шарттарға байланысты бас тартуға жол берілмейді. Мұрагерліктің бір бөлігінен бас тартқан мұрагер бүкіл мұрадан бас тартқан болып есептеледі. Мұраның құрамына мүлікпен бірге, ол қайтыс болғаннан кейін де тоқтатылмайтын құқықтары мен міндеттері кіреді. Белгіленген тәртіппен қабылданған мұра мұрагерге тиесілі болады. Мұрагерлікке қатысты даулар қарауда мұра ашылған уақытта қолданыста болған заңдар басшылыққа алынады.

Жанар ЖУБАТОВА,  
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

АҚЫЫҚ

Биыл ақиық ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толып отыр. Ол – қазақ поэзиясының мәңгілік үні, ұлттың жүрегінен орын алған ұлы ақын. Оның өлеңдері шынайылығымен, терең сезіммен және адам жанына жақындығымен құнды. Мұқағали жыры – өмірдің өзі, махаббат пен мұңның, үміт пен сенімнің айнасы. Ақынның асыл мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазақ руханиятын әрдайым биіктеге береді.

Соның дәлелі жыл сайын ақынның өлеңдерін жатқа айтудан еліміздің барлық мектептерінде оқушылар арасында байқау өтеді. Одан бөлек түрлі әдеби поэзия кештері, кітап көрмелері, ақынның өлеңдеріне жазылған әндерден концерттер де ұйымдастырылып жатады. Бұл халықтың ақынына деген сағынышы мен артында қалған мол мұрасына құрметі болса керек.

## ӨМІРШЕҢ ӨЛЕҢ

Мақатаев қазақ лирикасын жаңа деңгейге көтерді. Оның ең танымал шығармаларының бірі «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы және «Сарыжайлау», «Үш бақытым», «Мен таулықпын» өлеңдері. Көпшілік Мұқағалиды тек лирик деп таниды. Ал шын мәнінде ол ірі аудармашы еді. Уолт Уитмен, Роберт Бернс, әсіресе Данте Алигьеридің «Күдіретті комедиясының» бөлімдерін қазақ тіліне тәржімалады. Бұл – қазақ поэзиясын әлемдік кеңістікпен жалғаған көпір. Сонымен қатар ол Шекспирді, Дантени қазақ тіліне аударды.

Мұқағалидың жыр жампозы қатарынан орын алуының сыры – оның адам жүрегімен тілдесе білетін, сырласа білетін құпиясы мол ешкім қайталамас қасиетті поэзиясының ұлылығымен тамырласып жатса керек. Мұқағали Мақатаевтың дара талантынан туған өлмес поэзиясы миллиондаған оқырман аузында жатталып, қара ормандай халық ардақтаған ақынның қаси-



Аружан ЖАСАҒАНБЕРГЕН,  
Ақтөбе қалалық соты  
әкімшісінің бас маманы-сот  
отырысының хатшысы

етті есімі барған сайын ұлыланып барады. Әдебиет алыптарының бірі Алексей Толстой «Ұлы адамдардың өлген күні болмайды, туған күні болады» деген болатын. Ақынның кең көлемде аталып өтіп жатқан осынау мерейтойы тұсында осы сөздің растығына көзіміз жетіп отыр.

Өңір

## ЕЛДІ МЕКЕНДЕРГЕ ТАБИҒИ ГАЗ ТАРТЫЛУДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауылдарды дамыту, елді мекендердің инфрақұрылымын жақсарту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, Түркістан облысында жүйелі жұмыс жүріп жатыр. Соның нәтижесінде Мақтаарал ауданында елді мекендерді табиғи газбен қамту бағытындағы жұмыстар өз нәтижесін беруде.



Еңбекші ауылдық округіне қарасты Шұғыла мен Нұрлытаң ауылдарына табиғи газ берілді. Бұл – аудан тұрғындары үшін көптен күткен қуанышты жаңалық. Екі елді мекен Мақтаарал ауданындағы 68 елді мекеннің ішінде табиғи газға қосылған 66 және 67-ауылдар болып отыр.

Осыған орай ұйымдастырылған салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Бижан Анарбеков, ауданның тұрғын үй шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Ғабит Полатов, газбен қамтамасыз етуші мекеменің өкілдері, сондай-ақ төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары арнайы барып, ауыл тұрғындарын қуанышымен құттықтады.

Салтанатты рәсім барысында аудан әкімінің орынбасары бұл жобаның

ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттырудағы маңызын атап өтіп, мемлекет тарапынан инженерлік-инфрақұрылымдық жобаларға ерекше көңіл бөлініп отырғанын жеткізді. Оның айтуынша, Еңбекші ауылдық округіндегі Т.Жайлыбаев елді мекені де алдағы уақытта табиғи газға қосылса, Мақтаарал ауданы 100 пайыз табиғи газбен қамтылған ауданға айналады.

Ауыл тұрғындары көптен күткен қуаныштың куәсі болып, игі істі жүзеге асыруға атсалысқан азаматтарға алғыстарын білдірді. Табиғи газдың келуі тұрғындардың тұрмысын жеңілдетіп қана қоймай, экологиялық жағдайды жақсартып, қауіпсіз әрі үнемді отын көзіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар шара барысында газ қызметінің мамандары мен төтенше жағдайлар бөлімінің өкілдері ауыл тұрғындарына газды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары жөнінде жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мамандар газ жабдықтарының дұрыс пайдалану, тұрмыстық қауіпсіздік ережелерін сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша нақты кеңестер берді.

**Р.ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ**  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

## ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

### «ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ»

Қызылордада 20 мыңдық аудиторияға онлайн сот процесі көрсетілді. Қызылорда облысы прокуратурасының бастамасымен облыс келеміндегі 20 мыңнан аса мектеп оқушысы мен студенттердің онлайн қатысуымен жария сот отырысы ұйымдастырылды.

Быттыр жазғы демалыс уақытында Қызылорда қаласының түнгі клубтарының бірінде көмелетке толмаған жасөспірім ауыр қылмыс жасаған.

Сот іс бойынша жинақталған дәлелдемелерді негізге ала отырып, оны кінәлі деп танып, 6 жыл 9 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады.

Шараның негізгі мақсаты – көмелетке толмаған жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң алдындағы жауапкершілікті түсіндіру, құқық бұзушылықтың салдарын нақты өмірлік мысалдар арқылы көрсету және жастарды заңды сақтауға, тәртіп бұзбауға үндеу.

Жария сот отырысы жоғары тәрбиелік маңызға ие болып, жасөспірімдердің өз әрекеттеріне сыни көзқараспен қарауына және қылмыстық құқық бұзушылықтардың болашақ өміріне тигізетін кері әсерін терең ұғынуына ықпал етеді.

Прокуратура органдары тарапынан алдағы уақытта да осы тектес профилактикалық және тәрбиелік сипаттағы іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып, өз жалғасын табатын болады.

**Қызылорда облысы прокуратурасының баспасөз қызметі**

## ҚОРҒАНЫС

### ПАРАМЕДИКТЕР ДАЯРЛАНБАҚ

ҚР Қарулы күштерінің десанттық-шабуылдау әскерлерінде 2026 жылы 150 әскери қызметші-парамедик дайындау жоспарланып отыр. Оқу процесі ұрыс жағдайына жақын ортада алғашқы және жедел медициналық көмек көрсету дағдыларын меңгеруге арналған.

Алматы қаласында өткен кезекті оқу-жаттығу жиындары аясында Алматы, Қонаев және Жетісу гарнизондарынан келген 35 әскери қызметші ҚР Қорғаныс министрлігі Әскери медицина орталығы нұсқаушыларының басшылығымен бір апталық курстан өтті.

Оқу бағдарламасы тактикалық медицина бойынша теориялық және практикалық сабақтарды қамтыды. Әскери қызметшілер жараланған адамның жағдайын бағалау тәртібін, қан кетуді тоқтату тәсілдерін, постгеморрагиялық шок кезіндегі іс-қимылды, тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қалпына келтіруді және жүрек-өкпе реанимациясының негізгі әдістерін меңгерді.

Тәжірибелік сабақтар арнайы жаттығу орындарында өтті. Әскери қызметшілер медициналық құралдарды пайдаланып, өзіне және өзгеге көмек көрсету тәсілдерін үйренді. Оқу қоры-

тындысы бойынша қатысушылар емтихан тапсырып, сертификаттар алды.

– Жарақат алған кезде болатын өлім-жітімнің басым бөлігі алғашқы он минутта орын алады. Сондықтан әскери қызметшінің жанында дайындалған парамедиктің болуы шешуші мәнге ие, – деп атап өтті Десанттық-шабуылдау әскерлері қолбасшысы басқармасының медицина қызметінің бастығы медицина қызметінің подполковнигі Ильзат Мусаев.

Әскери парамедиктерді даярлау – Десанттық-шабуылдау әскерлерінің медициналық қамтамасыз ету жүйесіндегі негізгі элементтердің бірі. Бұл жұмыс жеке құрамның өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған. 2023 жылдан бері Десанттық-шабуылдау әскерлерінде 300-ден астам парамедик дайындалды.

**ҚР Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі**

Қызмет

Елімізде үшінші мегаполис атанған Шымкент қаласының шырайы күн санап көркейіп жатыр. Осындай әсем де сымбатты шаһарға өңірден және өзге елдерден келетін шетелдік азаматтардың да қатары күн санап көбеюде. Ал мұнда туристерге қаланың көрікті жерлерін айтып, жол сілтеп отыратын Туристік полиция қызметінің еңбегі орасан.

## САЯХАТШЫЛАР ТУРИСТІК САҚШЫЛАР ҚЫЗМЕТІНЕ РИЗА

Шымкентке Ұлы Жібек Жолының бойында жатқан шаһар арқылы шет елге қарай бет алатындар жиі тоқтайды. Біз туристерге қолдау көрсететін, қала тәртібін қадағалайтын Шымкент ҚПД ЖПҚБ Туристерге қызмет көрсету орнының жұмысымен танысып қайттық.

Шымкент – Қазақстанның негізгі өнеркәсіп, сауда және мәдени орталықтарының бірі. Қазақстанның үшінші мегаполисіне айналған шаһар жыл сайын көркейіп, түрлі өзгерістерге ұшырап жатыр. Бәйдібек би ескерткіші, Көкжайлау саябағы, Дендропарк, Mega center Shymkent, Тәуелсіздік саябағы, Атакент көрме орталығы, Шымкент ботаникалық бағы, «Қазығұрт» тау жотасы, Шымкент зоологиялық бағы, Ақмешіт үңгірі, Отырар қалашығы, Шымкент музейі және тағы да басқа көрікті орындар туристер көп баратын мекен. Мұнда тәртіп сақшылары сағат 08:00-мен 24:00-ге дейін екі ауысыммен қызмет көрсетеді.

тарының кез келген сұрағы бойынша жауап беру. Шымкент қаласы қазіргі таңда туристер көп келетін аймақтың біріне айналды. Сондай-ақ, бұл көне шаһар туризммен қатар зиярат етуге арналған бірден-бір мекен. Мұнда ежелгі қалашықтардың ізі сақталған, көне көшелер мен алаңдар қаланың бай тарихын көрсетеді. Атакент көрме орталығы – Шымкент қаласындағы ірі көрме орталығы және мәдени іс-шаралар өтетін алаң. Мұнда әртүрлі халықаралық көрмелер, фестивальдар және мәдени шаралар ұйымдастырылады. Бұл орын қаланың әлеуметтік және экономикалық өміріндегі маңызды орталықтардың бірі.

Шымкент ботаникалық бағы – қаладағы ең көне де үлкен табиғи орын-дәріз бірі. Мұнда әртүрлі өсімдіктер түрлері өсіп, қала тұрғындары мен қонақтарына табиғат аясында тынығу мүмкіндігін береді. Шымкентке жақын орналасқан «Қазығұрт» тау жотасы – табиғаттың тамаша сыйы. Бұл жер тарихи және мифологиялық



Бізді Туристік полиция қызметінің жұмысымен Шымкент ҚПД ЖПҚБ туристерге қызмет көрсету жөніндегі аға инспекторы полиция капитаны Диана Есенгельдиева таныстырды.

Дианың сөзіне қарағанда, олар өздерінің жұмысын осы шаһардың көрікті жерлерінен бастайды. Туристік полиция керекті құрал-жабдықтармен қамтылған. Сонымен қатар әр объектеде модульдік түрдегі стационарлық бекеттер орналастырылып, жұмыс режимі бейнетіркешіш планшетпен, рациялармен жабдықталған және Police жазуы бар нысанды киімдермен қамтамасыз етілген. Бұл саланың қызметкерлері қазақ, ағылшын, түрік, қытай және орыс тілдерін жетік меңгерген. Туристік полиция қызметкерлері Шымкент шаһарының тарихы мен көрікті жерлері туралы жақсы біледі. Сонымен қатар, тәртіп сақшылары көне шаһарды тамашалауға келген шетел азаматтарының қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етіп, оларды толғандырған кез келген сұрақ бойынша ақыл-кеңес береді. Келенсіз жағдайлар орын алса дер кезінде көмек көрсетеді.

– Туристік полиция қызметкерлері өздерінің кәсіби және қызметтік қасиеттерімен қатар, туристермен қарым-қатынас жасау үшін бірнеше тілді меңгерген. Тарихты біліп, туристердің туындаған мәселелерін шешу үшін өзге құрылымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ете отырып, қызмет жасайды. Бұл саланың мақсаты – Қазақстанның халықаралық имиджін және туристік тартымдылығын арттыру, елімізге келген шетел азамат-

тұрғыдан да маңызды. Аңыз бойынша, осы тау жотасында Нұх кемесі тұрақтаған деп айтылады. Тауға шығу және оның етегіндегі әсем табиғатқа көз салу үшін көптеген туристер келіп тұрады. Шымкент зоологиялық бағы қалаға жақын орналасқан әрі көптеген жануарларды көруге болатын ерекше орын. Бұл жерде табиғатқа жақын болғысы келетіндер үшін түрлі жануарлар мен құстардың түрлерін көруге мүмкіндік бар.

Шымкенттің маңында орналасқан Ақмешіт үңгірі – табиғаттың ғажап туындыларының бірі. Үңгірдің ішіндегі әсем көріністер мен жартастар туристердің қызығушылығын тудырады. Бұл орынның тарихи мәні де бар: мұнда көне адамдардың мекендері болған. Шымкент қалалық саябағы немесе Дендропарк – қаладағы демалушылар үшін ең танымал орындардың бірі. Мұнда орманды алаңдар мен көлдер бар, бұл жер қала тұрғындары мен туристерге тынығу мен серуендеуге тамаша мүмкіндік береді. Саябақта түрлі спорт алаңдары мен балалар үшін ойын алаңдары да бар. Шымкент қаласынан аз ғана қашықтықта орналасқан Отырар қалашығы – Түркістан өңірі мәдениетінің дамуында маңызды рөл атқарған. Туристер үшін археологиялық қазбалар мен тарихи жәдігерлерді көру мүмкіндігі бар. Мега Шымкент сауда орталығы – бұл заманауи сауда орталығы қала тұрғындары мен қонақтарына шопинг жасау, кино көру немесе түрлі асхана түрлерінің дәмін тату үшін кең мүмкіндік ұсынады. Мега Шымкент – қаланың ең ірі сауда орталығы, әрі



отбасымен демалу үшін тамаша орын. Қаладағы Шымкент музейі – қала тарихы мен мәдениетін танып-білуге арналған орын. Мұнда қаланың тарихи кезеңдері, мәдени жетістіктері мен өнер туындыларының коллекциялары ұсынылған. Музейдің экспозициялары қаланың өткені мен болашағын түсінуге көмектеседі. Сондықтан да осындай көрікті жерлерді біздің туристік сақшыларымыз күзетеді, – деді Диана Рустамқызы.

Аға инспектордың сөзіне қарағанда, туристік полиция қызметкерлері шетелдік азаматтарға қаланың маршруттарын түсіндіреді, такси шақыруға көмектеседі және басқа да қажетті кеңестерін береді.

Біздің кейіпкеріміз Диана Есенгельдиева 2025 жылдан бері Шымкент ҚПД ЖПҚБ туристерге қызмет көрсету жөніндегі аға инспектор болып жұмыс атқарып келеді.

– Жеке өзім 2025 жылдан бері отыздан аса шетел азаматына көмек көрсеттім. Яғни, Үндістан, Украина, Замбия, Италия, Канада, Озбекстан, Түркия, Литва, Қытай мемлекеттерінен келген шетел азаматтарына, одан бөлек Шымкент қаласындағы өзге ұлт өкілдеріне көмегімізді аямадық. Шетел азаматтары көбінесе ұялы телефондарын жоғалтып, адасып немесе валюта ауыстыру жөнінде көмек сұрайды. Жоғалған заттарын жедел түрде тауып беруге тырысамын, өйткені, өзіміз де шетелге барып жатсақ, осындай жағдайға тап болуымыз әбден мүмкін ғой. Және олардың жоғалған затын тапқандағы немесе адасып кеткен жолсеріктерімен қауышқандағы қуаныштарын көріп қатты толқып кетемін. Быттыр Канададан келген шетел азаматтары көмек сұрады. Олар Шымкент арқылы Ташкентке өтпекші екен. Шымкентте өздеріне қажетті заттарын алу үшін айырбастау пунктін іздеп таппаған. Мен оларды түнгі 22:30 шамасында айырбастау пунктін апарып, содан кейін Ташкент қаласына такси шақырып, отырғызып жібердім. Сөйтсем ол кісі АҚШ-тағы ең танымал «Орел и решка» бағдарламасының блогерлері екен. Маған шын көңілімен өз ризалықтарын айтып, арнайы ютубқа түсіріп, өзінің бағдарламасынан көрсеткен еді, – деді Диана Рустамқызы.

Шет тілдерін жетік меңгерген Диана өзге мемлекеттен және еліміздің өңірлерінен келген қонақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әрдайым дайын. Ал, осы салада қызмет атқарып жүрген аға инспектор көптеген шетелдік азаматқа жол сілтеп және де жоғалған заттарын тауып беруге көмектесіп келеді.

Диана Есенгельдиева күнделікті қала қонақтары мен өзге ұлт өкілдеріне өз жұмысы туралы түсіндіріп, барлық сұрақтарына жауап беруге тырысады. Туристік полицияда қызмет ету үшін ағылшын, орыс және қазақ тілдерін еркін меңгеру керек. Диана Рустамқызы күнделікті «Бұл қандай бекет?» деп сұраған азаматтарға толық мәлімет береді.

Бұдан бөлек қала аумағында туристерге арналған «SOS» батырмасы бірнеше жерде орналасқан. Кез келген турист көмек қажет болған жағдайда батырманы басса, туристік полиция қызметкерлері лезде жандарынан табылады.

Шымкент шаһарының тарихын жетік меңгерген сақшыларға шетелдіктер де алғысын айтып, ризашылығын білдіріп отырады. Осылайша қоғамға енген туристік қызмет бүгінде шетелдік қонақтар мен ел тұрғындарының көңілінен шығып келеді.

**Раушан НАРБЕК**  
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

## ОҢ ҚАДАМ

# МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – ӨЗБЕКСТАНДА ЕҢ КӨП ОҚЫЛАТЫН АҚЫН

Биыл қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы аса көрнекті тұлғаларының бірі Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толды. Ақынның 9 ақпанда атап өтілетін туған күніне орай тек Қазақстанда ғана емес, өлемнің көптеген елдерінде жыл сайын түрлі әдеби-мәдени шаралар тұрақты өткізіледі.

Бұл игі дәстүрден Өзбекстан қазақтары ешқашан жаңылған емес. Әрбір шығармасында ұлттың бүкіл болмыс-бітімі айшықталып тұратын өнер иесінің рухына биыл 50-рет оқырмандары өз адалдығын көрсетіп отыр.

«45 жыл ғана өмір сүргенімен есімін қазақ әдебиеті тарихында мәңгі жазып қалдырған ұлы ақынның есімін бүгінде әрбір қазақ біледі. Мектеп оқушысынан бастап, қоғамның түрлі саласында қызмет жасайтын еңбек адамдарына дейін ақынның ең кемінде бір шығармасын жатқа айтады. Бұл жағынан оны оқырманы ең көп ақын деуге болады. Сол себепті өзінің сүйікті ақынына деген

құрметі мен қошеметін әркім өзінше білдіруде. Мәселен, Өзбекстандағы республикалық қазақ мәдени орталығы Новаи облысының педагогикалық шеберлік орталығымен бірлесіп бұл жолы мектеп мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыру шарасының бірін Мұқағали шығармашылығына арнады. Оған өңірдегі мектептердің оқытушылары қатысты», – дейді Өзбекстандағы республикалық қазақ мәдени орталығының білім бөлімінің жетекшісі Клара Садырбаева.

Оның айтуынша, Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығын биыл Науаи облысындағы Үшқұдық қаласында 9 мектеп

атап өтті. Ал 12 ақпанда облыстық Қазақ мәдени орталығының қолдауымен мұндай шара Науаи қаласының кітапханасында ұйымдастырылды.

Ақынның есімін ұлықтап, шығармашылығын насихаттауға Гүлсанам Нұрлыбаева басшылық ететін Ташкент облысындағы қазақ мәдени орталығы да өз үлесін қосты. Соның нәтижесінде Жоғарышыршық ауданындағы Гулнара Каликулова басшылық жасайтын №23 орта мектеп те биыл ерекше дайындықпен келді. Олар «Ақындар – асыл мұрамыз» деген тақырыппен өткен жиында ақындардың ұлттық болмысты сақтаудағы рөлін барынша ашып көрсетуге тырысты. Сол себепті мұндай шара Жоғарышыршық ауданындағы Нафиса Маменкулова жетекшілік ететін №18 орта мектепте де өтті. Сондай-ақ Кенімех ауданына қарасты Терікұдық ауылындағы №14 қазақ мектебі «Жыр



болып соққан жүрек» атты әдеби кеш өткізді. Онда оқушылар ақынның өмір жолы мен шығармашылығына арналған «Білімінді сынап көр» тақырыбы аясында сұрақ-жауап сайысын жасады. Сонымен қатар Мұқағали шығармаларын мәнерлеп оқудан үздіктерді анықтады.

Жалпы, Мұқағали Мақатаев шығармашылығына арналған әдеби-мәдени шаралар Өзбекстанның білім беру ұй-

ымдарында тек апталық аясында шектелмей, бір ай бойы жалғасады. Осы арада Өзбекстан Республикасында тек қазақ мектептерінің саны 371-ді құрайтын ескерсек, ондағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің шараның басты ұйтқысы болып жүргенін ерекше атап өткен жөн шығар.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

## ТАРАТУ

2. «NASIP TRADE» ЖШС (БСН 210340034177) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Еділ Ерғожин көшесі, 1-үй, 70-пәтер.

5. «Ден Мир» ЖШС (БСН 140640021349) өзінің таратылатыны туралы хабарландыру жариялайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Жетісу 4 шағынауданы, 23-үй, 4-пәтер. Тел. +7 707 777 79 72.

6. «Star group (Стар Групп)» ЖШС (БСН 230440010711) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, 160000, әл-Фараби ауданы, Қазыбек би көшесі, 32А-үй, 14-пәтер. Тел. +7 701 070 64 73.

7. «Актоғай» өндірістік кооперативі (БСН 970440003297) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Актоғай ауданы, Актоғай ауылдық округі, Актоғай ауылы, Сатибек Ибраев көшесі, 7-үй. Тел. 8 700 670 52 34.

8. «Clover A. R.» ЖШС (БСН 060440026414) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Ярослав көшесі, 10-үй, 35-пәтер.

9. «Мас-рестлинг және стронг-мен ұлттық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі (БСН 040840012425) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, Гагарин к., 200А/29 үй.

18. «Жақсылық Х М» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 200240010461) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсу ауылы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 9-үй, 12-пәтер, индекс 160800.

19. «Bright moon» ЖШС (БСН 171140026429) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ұлытау облысы, Қаражал қаласы, 25-квартал, 8-үй, 29-пәтер, тел. 8 771 905 05 25.

20. «Қуандық Әулие» ҚК (БСН 210640000679) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Ғ.Мұратбаев ауылы, Қ.Тасқенов көшесі, 3-үй. Тел. 8 775 448 52 09.

21. «Милкайлин» ЖШС (БСН 210840021659) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Семей қаласы, Юбилейная көшесі, 19/1, тел. +7 777 778 27 77.

22. «MEDICAL PS Ltd.» Жеке компаниясы (БСН 230940900125) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-арыздары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 60/2 үй, 33-кеңсе, тел. 87073848352, e-mail: info@lbg.kz.

## ӘРТҮРЛІ

3. Заңды мекенжайды өзгерту туралы хабарлама!  
«Komek Ломбард» ЖШС-нің (БСН 250740027057) заңды мекенжайы өзгергенін хабарлаймыз. Бұрынғы заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Ерменсай шағынауданы, Жәңгір хан көшесі, 1-үй. Жаңа заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 44А.

10. 2026 жылғы 4 ақпанда Көкшетау қалалық сотында Анатолий Владимирович Буряктың өтініші бойынша азамат Дмитрий Анатольевич Буряк, 1980 жылғы 31 тамызда туған (ЖСН 800831350379) қайтыс болды дел жариялау туралы азаматтық іс қозғалды. Азамат Дмитрий Анатольевич Буряк туралы мәліметтері бар адамдар болса, бұл туралы сотқа хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде азаматтық сотқа хабарлауы ұсынылады. Сот мекенжайы: Көкшетау қаласы, Сатбаев көшесі, 8, тел. 8 (747) 657 80 69.

11. «Ломбард «НАУАТ CAPITAL» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық 24.02.2026 жылы сағат 12:00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 үй, 201 кенсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:  
1-лот: Toyota Land Cruiser Prado маркалы автокөлік, 2009 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 2,7 л, түсі – сұр, бастапқы бағасы – 8 792 073 тенге;  
2-лот: Mazda 626 маркалы автокөлік, 1992 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 1,8 л, түсі – сұр, бастапқы бағасы – 564 276 тенге;  
Аталған мүлік Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 үй, 201-кенсе.  
Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «Ломбард «НАУАТ CAPITAL» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс. Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Порт-Артурская көшесі, 22-үй, анықтама телефоны: +7 707 283 80 28, төлем реквизиттері: ИИК KZ58722S000003993258, «Kaspi Bank» АҚ, БИК CASPKZKA

13. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 6 ақпандағы ұйғарымымен ЖК «Ахметқалиева Г.К.», ЖСН 651216400711, мекенжайы: Астана қаласы, Е 18 көшесі, 1-үй, 99-пәтер, тел. +7 701 175 10 82 қатысты оңалту рәсімін қозғау туралы іс өндірісі басталды.

14. «Алматы қаласы Кәсіпкерлік пен инвестициялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Жібек Жолы көшесі, 81/10 жер телімінде және Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 7-ші шағынаудан, 2/8 жер телімінде орналасқан «Кітапханалық аймақты, санитарлық-гигиеналық болмелер мен тез тамақтану павильондарын қамтитын қоғамдық пайдалану нысандарын салу және пайдалану» жоба материалдары бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Тыңдаулар 2026 жылдың 16 наурызында сағат 11:00-де Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 303 үй, конференц-зал мекенжайында өтеді.  
Сұрақтар мен ұсыныстар info@almaty.upp.kz электрондық поштасына қабылданады. Тел.: 8 777 477 77 78.

15. «Ostara Group» ЖШС (БСН 080240004717) өзіне келесі серіктестіктерді қосу жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды: «ДИМ Строй» ЖШС (БСН 071040010874) және «СпецСтройРемСервис» ЖШС (БСН 110840015990). Талап-шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, F02T6Y2, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Целинная көшесі, 108, сондай-ақ телефон нөмірі +7 707 373 14 47.

16. «СпецСтройРемСервис» ЖШС (БСН 110840015990) «Ostara Group» ЖШС-не (БСН 080240004717) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, F02T6Y2, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Целинная көшесі, 108, сондай-ақ +7 707 373 14 47 телефон нөмірі арқылы.

## Баспасөз – 2026

### Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазыласыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

## Жазылу индекстері:

### «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zankreklama@mail.ru

17. «ДИМ Строй» ЖШС (БСН 071040010874) «Ostara Group» ЖШС-не (БСН 080240004717) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, F02T6Y2, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Целинная көшесі, 108, сондай-ақ +7 707 373 14 47 телефон нөмірі арқылы.

23. «Ломбард Надежда» ЖШС (БСН 091040007154) 10.02.2026 ж. бастап өзінің микро қаржылық (ломбард) қызметін уақытша тоқтата тұратыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Станционная көшесі, 1 «б», 2-кабинет, тел. 8 (778) 522-94-90.

## МҰРАГЕРЛІК

12. 17.08.2026 жылы қайтыс болған Оналбаев Серикбайдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

4. Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағы Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облыстық сотының судьясы Ермеков Ерлан Төлеуханұлына әкесі

### Төлеухан Ермеқұлының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zankreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PR» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кенсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аубаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

**МУҚАГАЛИ – 95**

**МУЗБАЛАҚ**

Мұқағали Мақатаевты халық «мұзбалақ ақын» дейді. Мұзбалақ – бес жастағы кемеліне келген бүркіт. Негізі мұзбалақ құс – ертеден кешке дейін алысса да жалықпайтын, аңсарын көргенде өлермендене жанып түсетін, өжеттігі мен қайраты бойында, талайы мен бақыты маңдайына қатар біткен қырып сал қыран.



**Әлібек АХМЕТОВ,**  
Ақтөбе облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы

Ақын өлеңдерінде қыран құсша шарықтап, шабыттана түсетіні байқалады. Қаламгер Мұқағалидың поэзия көгінде самғай, қанаты талмай халқынан еншілеген бағасыз бір сыйы болса, ол басқа ешкімге бұйырмаған, бұйырмайтын осы бір теңдессіз теңеулер ғана.

Қазақ поэзиясында үлкен қолтаңба қалдырған Мақатаев өлеңдерін білмейтін қазақ жоқ шығар, сірә?! Негізінен Мақатаевтың шығармалары мерзімді басылымда жарық көрген. 1948 жылы оның алғашқы өлеңі «Советская граница» газетінде жарияланды. Одан кейін 1951 жылы Мұқағалидың жырлары басқа жас авторлармен бірге «Жастар жыры» атты жинаққа енгізілген. Алғашқы нағыз атак ақынға 1962 жылы «Аппассионата» жарияланғаннан кейін келеді. Тағы екі жылдан кейін «Ильич»

поэмасы шығады. Жазушының өмірінде барлығы бес поэтикалық жинақ шықты. Олар оқырмандардың жоғары бағасын алған.

Өзінің қысқа ғана ғұмырында Мұқағали Мақатаев көптеген көрнекті шығармалар жазды. Ол Қазақстанның ұлттық мәдениеті мен өнеріне зор үлес қосты. Оның таланты өмірден озғаннан кейін ғана мойындалды, бірақ өлеңдері мәңгілік есімізде қалмақ.

**КИЕ**

**ТІЛ САҚТАЛҒАН ЖЕРДЕ ҒАНА ҰЛТ ӨМІР СҮРЕДІ**

Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ұлт болашағының, мәдениеті мен ойлау құрылымының тірегі. Адам қолындағы барлық материалдық құндылықтар уақыт өте келе тозып, жоғалады. Ал тіл – ұрпақтан ұрпаққа берілетін, ешқашан тозбайтын ең қымбат қазына.



Ана тілі арқылы ұрпақ өз тарихын, мәдениетін, дәстүрін, моральдық құндылықтарын және дүниетанымын мұрагері. Тіл – ұлттың рухани тірегі, ұлттық сана мен мәдени жадының сақтаушысы. Ана тілін сақтау және дамыту – ұлт тұрақтылығының басты факторы. Тілді меңгеру арқылы ұрпақ өз тамырын, мәдениетін, ұлттық дәстүрін түсінеді.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсын-нов: «Ұлтты сақтауға да, жоғалтуға да ең күшті себеп – тіл» деп ана тілдің маңызын ерекше атаған. Расында егер тіл жойылса, халықтың тарихи мен мәдениеті де жоғалады. Сондықтан ана тілі – ұлттың болашағы, себебі оның сақталуы арқылы ұрпақ өз ұлттық

сана-сезімін дамытады, мәдени құндылықтарын біледі және әлемдік өркениетке өз тілі арқылы кіріседі.

Бүгінгі ұрпаққа міндет – өз ана тіліне құрметпен қарау, оны дамыту. Тек сол арқылы ұлттық тамырымызды, мәдени және тарихи бет-бейнемізді сақтап, ана тілін болашақ ұрпаққа аманат етуге болады.

Тілдің жоғалуы – ұлттың мәдени, рухани және тарихи тамырының әлсіреуі. Ал ана тілін сақтау – ұлттың өміршеңдігі, тұрақтылығы және болашағының кепілі. Ұлттық тілге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік – ұлтты сақтаудың, оның бірегейлігін қамтамасыз етудің кепілі. Сондықтан ана тілін құрметтейік, дамытайық және келер ұрпаққа аманат етейік, өйткені тіл сақталған жерде ғана ұлт өмір сүреді.

**Арман ЖАҚЫПОВ,**  
Көкшетау қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

**ТЫЙЫМ**

Қысқа бейнероликтерге арналған TikTok платформасы 10 ақпанда әлем бойынша атап өтілетін Қауіпсіз интернет күніне орай қауымдастық ережелерін бұзғаны үшін жойылған контенттің көлемі туралы деректерді жариялады.

Егер Қазақстанға қатысты деректерге көз жүгіртсе болсақ, 2025 жылдың үшінші тоқсанында 1 567 613 бейнеролик қауымдастық ережелерін

бұзу себебінен жойылған. Роликтердің жалпы санының 99,7 пайызы платформа тарапынан алдын ала жойылды. Ал жарияланғаннан кейін 24 сағат ішінде жойылған роликтер 94,8 пайыз болды. Бұл әлемдегі орташа көрсеткіштен жоғары. Мәселен, 2025 жылдың екінші тоқсанында платформа Қазақстанда 1,4 миллионнан астам бейнероликті жойған еді.

2025 жылдың үшінші тоқсанында бүкіл әлем бойынша жойылған бейнеролик саны 200 миллионнан астам. Бейнеконтенттің 99,3%-ы алдын

ала, яғни оған әлдебіреу шағымданбас бұрын жойылды. Роликтердің 94,8 пайызы жарияланғаннан кейін 24 сағат ішінде жойылды. Сондай-ақ қауымдастық ережелерін бұзғаны үшін бүкіл әлем бойынша бұғатталған LIVE-трансляцияларының саны 32 миллионнан асты.

TikTok былтырдан бері тікелей эфирлерді монетизациялау ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету шаралары туралы деректерді де жариялай бастады. Мәселен, 2025 жылдың екінші тоқсанында TikTok монетизация ережелерін бұзған

2 321 813 тікелей трансляция мен 1 040 356 стримерге қатысты ескертулер беру және монетизацияны шектеу шараларын қолданды. Ал үшінші тоқсанда шаралар қолданылған тікелей эфирлер саны екінші тоқсанмен салыстырғанда 69 пайызға өсті және 3 914 684 трансляцияны құрады. Шектеулерге ұшыраған аккаунттар саны екі есе өсіп, саны 2 107 177 аккаунтқа жетті.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

**ЖАМБЫЛ – 180**

Қазақ халқының рухани қазынасында өшпес із қалдырған ұлы тұлғаның бірі – Жамбыл Жабаев. Ол қазақ халық поэзиясының көрнекті өкілі, көркем сөздің шебері, дастаншы, жырау. 2026 жылы жыр алыбының туғанына 180 жыл толып отыр. Бұл мерейтой – тек бір ақынның емес, тұтас қазақ ауыз әдебиетінің, жыраулық дәстүрдің мерекесі.

**ЕКІ ҒАСЫР КҮӘСІ**

Жамбыл – екі ғасырдың күәсі. Ол хандық дәуірдің соңын, патшалық кезеңді, кеңестік заманды көріп, сол кезеңдердің барлығында да халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілегін жырмен жеткізе білді. Ақын шығармаларының басты өзегі – халық тағдыры, әділдік, ел бірлігі, ерлік пен адамгершілік.

Жамбылдың ақын-жырау ретінде қалыптаса бастаған кезеңі халыққа бір жағынан патшалық отаршылдардың, екінші жағынан Қоқан хандығының қысым жасауымен сипатталды. Ақындық шынайылықпен және азаматтық жауапкершілікпен Жамбыл «Шағым», «Шәбденге», «Сәт сайланарда», «Естепкіде», «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» сияқты жырларында халықтың қоғамдық-саяси өмірін бейнелейді.

Жамбыл Жабаев шығармашылығының шарықтау шегі тоқсан жастан асқан шағына тура келеді. 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақстанның онкүндігінде шымылдығын Жамбыл ашты. 360 өнерпаз барған бұл мәдениет күндерінде жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың, әнші Күләш Байсейітованың абыройы асқақтады. Жамбыл сол жылы «Еңбек Қызыл ту» орденімен марапатталды.

Жамбыл Қазан төңкерісінен кейін халықтың өмірінде тарихи өзгерістер болатынына үлкен үміт артты. Оның 1936 жылы шығарған, содан кейін орыс тілінде «Правда» газетінде жарияланған «Туған еліме» сияқты поэтикалық толғаулары бүкіл Кеңес

Одағында қарт ақынның даңқын паш етті.

Ел арасында Жамбылдың биік даңқы мен танымалдылығы арта түсті. Оның 1936–1945 жылдар аралығында жарияланған өлеңдері көлем жағынан 13 мың тармақтан асады. Ол ерекше ынта-жігермен ел өміріндегі жетістіктер мен жаңалықтарды, Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі халықтың жеңісі мен ерлігін мактайды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Жамбылдың «Ленинградтық өренім» атты өлеңі бүкіл Кеңес Одағына кең таралып, жауынгерлерге рух берді. Бұл шығарма ақынның тек қазаққа ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ гуманистік тұлға екенін дәлелдеді.

Жамбыл әрі эпикалық ақын, әрі ақын-импровизатор, дана жыршы және дастаншы. Ол өнер шебері ретінде азаматтық және саяси поэзияның дамуына үлес қосты. Жамбылдың ұлылығы оның ақындық шеберлігінде ғана емес, сонымен бірге оның халық поэзиясындағы жаңа ағымның жаратушысы, халық ақындарының шығармашылық рухын парасатпен жандандырушы болғанында. Оның сөзі ұранға айналды, оны халық поэзиясының атасы деп атады. Жамбыл жыршы-дастаншылардың терең эпикалық дәстүрлерін жаңа арнаға айналдырып, ежелгі қазақ суырып салма өнерінің жаңа қырларын ашты, оларға жаңа мазмұн берді. Жамбыл – адамдарды нәсілге, ұлтқа бөлмеген интернационалист ақын. «Жамбылдың өлеңдері



**Бақытбек ОМАРОВ,**  
Қобда аудандық сотының төрағасы

теңіз түбінде жатқан інжу-маржандай. Оларды жинап, халыққа тапсыру әрқайсымыздың азаматтық парызымыз, – деді ақын С.Сейфуллин.

Жамбыл 1945 жылдың 22 маусымында Алматы облысының Ұзынағаш елді мекенінде 99 жасында дүниеден өтті. Бүгінде Жамбыл мұрасы – тәуелсіз Қазақстанның рухани тірегі. Ақын есімімен облыстар, аудандар, көшелер, оқу орындары аталады. Оның шығармалары жас ұрпақты отансүйгіштікке, елін сүйуге, адальдық пен еңбекке тәрбиелейді. Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығы – ұлы ақынға тағзым етіп қана қоймай, ұлттық рухты жаңғыртатын, тарихи сананы тереңдететін маңызды кезең. Жыр алыбының сөзі ғасырлар өтсе де, өз маңызын жоймай, халқымен бірге жасай береді.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

**БЕЗБЕН**

**ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ КЕРІ ӘСЕРІ БАР МА?**

Қазіргі әлем цифрлық дамудың бұрын-соңды болмаған деңгейіне жетіп, күнделікті өмірімізге тереңдей енгеніне беріміз күе болып отырмыз. Қоғамдық өмірдің көптеген саласына цифровизация енгізіліп, мемлекеттік қызметтерді барынша қолжетімді ете түсті.

2025 жылға қарай қоғамның цифрлық деректерге тәуелділігі де бұрын-соңды болмаған ауқымға жетті: мемлекеттік құрылымдар және тұлғалар электрондық форматта сақталатын, берілетін және өңделетін ақпаратқа сүйенеді. Алайда, қарқынды технологиялық прогреспен қатар киберқауіптер деңгейі де өсуде. Хакерлік шабуылдар, құпия жеке деректердің таралуы және зиянды бағдарламалардың көбеюі қарапайым азаматтардың қауіпін арттырды. Сондықтан цифрлық қауіпсіздік шараларын назарда ұстау өзекті.

Ақпараттық қауіпсіздіктің үш ір-

гелі қағидаты бар. Біріншіден, бұл құпиялылық, яғни ақпаратты бөтен көзден қорғау. Екіншіден, деректер несінің рұқсатынсыз өзгертілмегеніне кепілдік беретін тұтастық.

Сонымен қатар авторизацияланған пайдаланушыларға кез келген қажетті сәтті ақпаратпен жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолжетімділік.

Кибералақтықтың құрбандары көбіне қарапайым пайдаланушылар. Тәуекелдің негізі адами фактор: тым қарапайым құпиясөздер, желідегі ұқыпсыздық және әлеуметтік желілердегі артық ашықтық. Цифрлық кеңестікте өзін қорғау үшін бірнеше

негізгі ережені ұстану қажет – жеке деректерді қорғауда мекенжайды, телефон нөмірін немесе құжаттардың сканерін жарияламай, жауапкершілікпен қарау өте маңызды. Кіретін сайттарды арқан мұқият тексеріп, құлып белгішесіне және электронды мекенжай жолындағы «https» префиксіне назар аудару қажет. Фишингтік ресурстарға ерекше қырағылық көрсету керек, олар ресми сервистер ретінде шебер бүркемеленеді.

Сандық технология, цифрлық трансформация керек, бірақ оны сақтықпен қолданбау үлкен зардапқа әкелетінін ұмытпайық.

**А.ЖҰМАБЕКОВА,**  
Бейнеу аудандық соты  
әкімшісінің жетекші маманы  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

**TIKTOK** тәртіп бұзғандарды кешірмейді

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**  
Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
Ақтөбе облысы Жансая Есмағамбетова 8 705 398 62 83.  
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665  
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**  
050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
**E-mail: zanreklama@astana@mail.ru**  
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6542 дана**  
**Апталық таралым 13084 дана**  
Тапсырыс №922 Индекс 65921  
**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.**  
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.  
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.  
Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.  
Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31

**ЗАҢ** газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**  
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:  
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»  
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ